| | | |
|---|---|---|
| ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | **«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ** | |
| Құжаттың атауы: | **«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі Басшылық** | |
| Құжаттың үлгісі: **Басшылық** | **KMG-RUK-4051.2-13** | **55 беттің 1-беті** |
| Әзірлеген: ________ Б.Қ. Әжіғалиев<br>2023 ж. «20» қараша | Тексерген: ________ Қ.Б. Сейітмағамбетов<br>2023 ж. «25» қараша | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген<br>2023 ж. «20» желтоқсан<br>№57 хаттама |

# «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі Басшылық

# МАЗМҰНЫ

| | |
|---|---|
| **1. Мақсаты** | 4 |
| **2. Ұйым мәнмәтіні** | 5 |
| 2.1. Ұйымды және оның мәнмәтінін түсіну | 5 |
| 2.2. Мүдделі тұлғалардың қажеттіліктері мен күтулерін түсіну | 6 |
| **3. Қолданылу саласы** | 7 |
| **4. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ және оның процестері** | 8 |
| **5. Анықтаулар мен қысқартулар** | 9 |
| **6. Іргелі қағидаттар** | 17 |
| 6.1. Мақсатқа жету | 18 |
| 6.2. Көшбасшылық | 19 |
| 6.3. Тәуекелдерді басқару | 19 |
| 6.4. Тұрақты жетілдіру | 20 |
| **7. Көшбасшылық, міндеттемелер және жауапкершілік (1-элемент)** | 22 |
| 7.1. Көшбасшылық және міндеттемелер | 22 |
| 7.2. Жауапкершілік | 24 |
| **8. Саясат, мақсаттар және бағдарламалар(2-элемент)** | 25 |
| 8.1. Саясат және мақсаттар | 25 |
| 8.2. Бағдарламалар | 26 |
| **9. Ұйымдастыру, ресурстар және мүмкіндіктер (3-элемент)** | 26 |
| 9.1. Құзыреттілік, оқыту және хабардар болушылық | 27 |
| 9.2. Коммуникациялар және  консультация беру | 29 |
| 9.3. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ құжаттамасы | 30 |
| **10. Мердігерлер мен мүдделі тараптар (4-элемент)** | 31 |
| 10.1. Мердігерлерге қойылатын талаптар | 31 |
| 10.2. Сатып алуды басқару | 32 |
| **11. Тәуекелдерді және өзгерістерді басқару (5-элемент)** | 33 |
| 11.1. Тәуекелдерді бағалау және бақылау | 33 |
| 11.2. Денсаулық үшін қатерлерді бағалау | 35 |
| 11.3. Мінез-құлықтық факторларды бағалау | 36 |
| 11.4. Өзгерістерді басқару | 36 |
| **12. Активтердің дизайны мен тұтастығы (6-элемент)** | 37 |
| 12.1. Жоспарлау және жобалау | 37 |
| 12.2. Активтердің тұтастығы | 38 |
| **13. Орындау және қауіпсіз пайдалану (7-элемент)** | 40 |
| 13.1. Операциялық бақылау | 40 |
| 13.2. Төтенше жағдайларға дайын болу және іс-қимылдау | 42 |
| **14. Болған оқиғалардың есептілігі және тергеп-тексеру (8-элемент)** | 44 |
| 14.1. Жедел есептілік | 44 |
| 14.2. Болған оқиғаларды тергеп-тексеру және қызметкерлерді тарту | 44 |
| **15. Мониторинг, өлшеу және талдау (9-элемент)** | 45 |

| | |
|---|---|
| 15.1. Мерзімді есептілік | 45 |
| 15.2. Тиімділіктің басты көрсеткіштері | 46 |
| **16. Тиімділікті растау және жақсарту шаралары (10-элемент)** | 47 |
| 16.1. Комитеттер | 47 |
| 16.2. Аудиттер | 48 |
| 16.3. ҚМГ басшылығы тарапынан талдау | 49 |
| **17. Құжаттарға сілтемелер** | 50 |

## 1. Мақсаты

Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі басшылық (бұдан әрі – Басшылық) заңнамалық талаптарды, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының, ҚМГ даму стратегиясының, ҚМГ сапа жөніндегі басшылығының, ҚМГ өмір үшін маңызды қағидаларының, «Самұрық-Қазына» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы саясатының, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандартының, IPECA/IOGP мұнай-газ саласының халықаралық қауымдастықтарының алдыңғы қатарлы тәжірибесі бойынша ұсынымдарының талаптарын ескеріп әзірленген және ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

Осы Басшылықтың мақсаты – төмендегілерді қоса алғанда, стартегиялық мақсаттарға жету, ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттарына жету және ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясатын сақтау үшін ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО басқаруды қамтамасыз ету болып табылады:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ элементтерін белгілеу және олардың өзара әрекеттесуін;

2) ҚМГ басшылығына, бизнес-бағыттар/ қызметтер бағыттары басшыларына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларына, желілік басшылар мен қызметкерлерге ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ бизнес-процестерге және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ болжамды нәтижелеріне жетуді қолдайтын ҚМГ корпоративтік мәдениетіне ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ кіріктіру мүмкіндігін беруді;

3) ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ-ға талаптарды, сондай-ақ мүдделі тараптардың ҚМГ компаниялар тобының объектілеріне ықпал ету талаптарын белгілеуді;

4) ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне, олар ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ енгізуді қамтамасыз ету бойынша әрекеттерді орындаған және ҚМГ ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ішкі құжаттарды қолданған кезде, сондай-ақ ТЖҚ жеткізу/ орындау/ көрсету кезінде мердігерлерге/ аутсорсингке көмектесуді;

5) ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің, мердігерлердің/ аутсорсингтің және ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы мүдделі тұлғалардың ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ қатысты хабардар болу деңгейін арттыруды;

6) ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы нәтижелі менеджменттің және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ талаптарына сәйкестіліктің маңыздылығын түсінудің кең таратылуын;

7) үнемі жақсартуды қамтамасыз етуді және қолдауды;

8) қызметкерлер инциденттер, қауіптер, тәуекелдер және мүмкіндіктер туралы хабарлаған жағдайларда, оларды қудалаудан қорғауды;

9) ҚМГ компаниялар тобында, қызметкерлермен консультациялар жүргізуді және олардың ӨҚ, ЕҚ және ҚО жөніндегі қызметке қатысуын қамтамасыз ететін процесті (-терді) құруды және қолдануды қамтамасыз етуді.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ үшін, өзіне ҚМГ компаниялар тобы ұйымдастырылуының барлық деңгейлерінде тиісті басқару құралдары, әдістері мен инструменттері кіретін оқиғалармен/ қоршаған ортаны ластаулармен байланысты тәуекелдерді басқару аса маңызды болып табылады.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, ҚМГ: іскерлік әдеп, корпоративтік басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодекстеріне сәйкес, ҚМГ өмірлік маңызды қағидалары және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

## 2. **Ұйым мәнмәтіні** (п. 4 ISO 14001, п. 4 ISO 45001)

### 2.1. Ұйымды және оның мәнмәтінін түсіну
(п. 4.1 ISO 14001, п. 4.1 ISO 45001)

ҚМГ – көмірсутектерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі ұлттық оператор болып табылады, Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіреді. 2002 жылы құрылған ҚМГ компаниялар тобының құрамына 108-ге жуық компания кіреді, олардағы дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызы тікелей немесе жанама түрде, қызметкерлерінің саны 47,5 мың адамнан артық болатын ҚМГ ЕТҰ-ға тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (79,73%), Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (9,58%), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (7,69%), ҚМГ акционерлері болып табылады, KASE және AIX биржаларында еркін айналыста – 3%. ҚМГ ірі мұнай-газ жобаларының қатысу үлестеріне ие (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ).

ҚМГ компаниялар тобының өндірістік-шаруашылық қызметтің түрлі ерекшеліктері, орындалатын өндірістік жұмыстардың күрделілігі және тәуекелділік дәрежесі бар объектілері Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде орналасқан.

Даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобының қызметіне әсер етуі мүмкін негізгі ішкі және сыртқы факторлар белгіленген.

ҚМГ, даму стратегиясына сәйкес, дүниежүзілік стандарттарға сәйкестілікте ӨҚ, ЕҚ және ҚО жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. 2018 жылдан бастап ҚМГ, IOGP толық құқықты мүшесі болып табылады және ӨҚ, ЕҚ және ҚО көрсеткіштері бойынша IOGP-ке кіретін халықаралық мұнай-газ компанияларының жоғарғы квартиліне кіруге ұмтылуда.

ҚМГ арқылы, ҚМГ-ның тұрақты дамуы үшін, өзін, Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында ақпарат алмасу және инновациялар мен технологиялар трансфері бойынша таратушы ретінде көрсетеді:

1) кеңейтілген және жаһандық әріптестікке қосылу, бұл халықаралық сарапшылармен, мұнай-газ саласындағы компаниялармен және ұйымдармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді;

2) үздік дүниежүзілік компаниялармен және мұнай-газ саласындағы орташа статистикамен салыстырғанда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы нәтижелердің объективті бенчмаркингі;

3) комитеттер мен жұмыс топтарына қатысу және үздік тәжірибелерге, әдістемелерге және сараптамаларға қол жеткізу;

4) салалық тәлімгерлік бағдарламасына және үздік тәжірибелер негізінде жаңа әдістемелерді және қағидаларды әзірлеуге тартылу;

5) мұнай-газ саласындағы ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелер бойынша халықаралық форумдарға, семинарларға және көрмелерге қатысу;

6) тиімділіктің жалпы көлемін арттыру үшін салалық әріптестердің/ IOGP мүшелері бәсекелестердің бірқатарымен жұмыс істеу;

7) тану және сенім білдіру дәрежесін арттыру, өйткені IOGP басқарушылық қатысуын уәкілетті органдар мен мүдделі тұлғалар маңызды ұсыным ретінде таниды;

8) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ҚМГ корпоративтік құжаттарын әзірлеу және жетілдіру үшін техникалық деректерге қол жеткізу;

9) мұнай-газ саласындағы жаңа өзгерістер мен тәуекелдер туралы ақпаратты алу.

**2.2. Мүдделі тұлғалардың қажеттіліктері мен күтулерін түсіну**
(п. 4.2 ISO 14001, п. 4.2 ISO 45001)

Акционерлер, инвесторлар, клиенттер, әріптестер, жергілікті қоғамдастықтар, қоғамдық ұйымдар, қызметкерлер, кәсіподақтар, мердігерлер/ аутсорсинг, халық, мемлекеттік органдар мен қаржы институттары сияқты мүдделі тұлғалардың қажеттіліктері мен күтулерін түсінуді алу мақсатында, ҚМГ мүдделі тұлғалардың міндетті талаптарын, қажеттіліктері мен күтулерін, олардың ықпалының дәрежелерін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мүдделі тұлғаларының тізбесіне сәйкес анықтайды және ескереді.

Тұтастай алғанда, мүдделі тараптардың талаптары ҚМГ-де қабылданған және олар бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы заңнамалық және басқа талаптардың тізбесіне сәйкес мониторинг жүргізілетін заңнамалық талаптарға негізделеді,

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ нәтижелеріне әсер етуі немесе ҚМГ компаниялар тобы жағынан ықпалға ұшыраудың болуы мүмкін айтарлықтай ішкі және сыртқы факторларды ҚМГ белгілеген.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ күтілетін нәтижелерін алу қабілетіне әсер ететін неғұрлым айтарлықтай факторлары болып табылатындары:

1) ішкі (ҚМГ компаниялар тобының құрылымы, Даму стратегиясы, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары, ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттары, тәуекелдер және мүмкіндіктер, ресурстар, ақпараттық жүйелер, шешімдер қабылдау жүйелері, шарттық және әріптестік қатынастар, Корпоративтік мәдениет);

2) сыртқы (жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе халықаралық деңгейлердегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық, заңнамалық талаптар, мүдделі тараптармен өзара қатынастар);

3) ҚМГ компаниялар тобына ықпал етуі немесе олардың ықпалында болуы мүмкін, ауаның, топырақтың және судың сапасымен байланысты экологиялық аспектілер, тарихи және ағымдық ластанулар, биоалуантүрлілік, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

ҚМГ компаниялар тобының жобаларын іске асырған кезде, сондай-ақ Тұрақты даму саласындағы ҚМГ есебін дайындаған және жариялаған кезде, қоршаған ортаға әсерді бағалау, экологиялық зерттеулер (фондық, экологиялық мониторинг) кезінде барлық жоғарыда аталған факторлар ескеріледі.

**3. Қолданылу саласы** (п. 4.3 ISO 14001, п. 4.3 ISO 45001)

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, ҚМГ-ның төмендегілерді корпоративтік басқаруды жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелеріне қатысты болады:

1) мұнайды, газды және оларды өңдеуден алынған өнімдерді барлауды, өндіруді, тасымалдауды, сақтауды, өңдеуді және маркетингін қоса алғанда, мұнай операцияларын;

2) мұнай операцияларының сервистік инфрақұрылымын.

3) активтерді;

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына қатысты болады және төмендегілерді қоса алғанда ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті:

1) объектілерді;

2) процестер мен ішкі құжаттарды;

3) жұмыстарды, қызметтерді және өнімді.

4) қызметкерлерді.

ҚМГ компаниялар тобы процестерді әзірлейді және қолдайды, сондай-ақ, мердігерлер/ аутсорсинг қызметкерлерінің ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ талаптарын орындайтынына және олардың басқаруында болатынына кепілдік береді.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, өнімнің өндірістік кезеңінің барлық сатыларында (жобалау мен құрылыс, барлау және өндіру, тасымалдау және өңдеу, жеткізу), өнім ҚМГ компаниялар тобының бақылауы және ықпалы шектерінде болған жерлерде, өндірістік кезең процесінде пайда болатын өндіріс қалдықтарын (жинау, сақтау, тасымалдау, өңдеу және кәдеге жарату) қоса алғанда, өнімнің (мұнай, газ, отын түрлері және электроэнергия) тіршілік кезеңін ескереді. Үшінші

тараптарға жеткізілген өнім, үшінші тараптардың тұтынушыларға жеткізетін өнімнің сапалық сипаттамаларының сақталуына кепілдік бере алмау салдарынан бақылана алмайды.

## 4. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ және оның процестері (п. 4.4 ISO 14001, п. 4.4 ISO 45001)

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ бүкіл процестері Мақсатты процестер каталогында , осы Басшылықта және ҚМГ тиісті қағидаларында, рәсімдерінде, ережелерінде және жұмыс нұсқаулықтарында сәйкестендірілген. Осы құжаттар ҚМГ бизнес-процестерін, олардың дәйектілігін және өзара байланысын белгілейді, олардың жүзеге асырылу мен қолданылуы тәртібін белгілейді, ұйымды басқарудың тиімділігін критерийлері мен әдістерін белгілейді, процестерді жақсарту бойынша барлық ықтимал тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескереді. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ шеңберінде қызметкерлердің міндеттері мен жауапкершіліктері, процестер үшін ресурстарды бөлу қағидалары мен тәртібі, процестердің тиімділігін бақылау және өлшеу әдістері, тәуекелдер мен оларды болғызбау үшін бақылау рәсімдері белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та құжаттарды басқару жөніндегі қағидаларда процестерді құжаттау бойынша тәртіп пен негізгі ережелері берілген.

ҚМГ-де бизнес-процестер модельдерін құру және жетілдіру (реинжиниринг) процестерін сипаттау «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнес-процестер модельдерін құру және жетілдіру қағидаларында регламенттелген.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Қызметі төмендегі процестердің иесі болып табылады:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саясаты мен мақсаттарын әзірлеу;
2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару;
3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында бағдарламаларды әзірлеу;
4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша құжаттаманы басқару;
5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында құзыреттерді дамыту және қызметкерлерді оқыту;
6) Мүдделі тұлғалармен коммуникация процесін ұйымдастыру;
7) Мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттесу процесін ұйымдастыру;
8) Оқиғаларды басқару процесін ұйымдастыру;
9) Төтенше жағдайларға дайын болу;
10) Өзгерістерді бақылау процесін ұйымдастыру;
11) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша қызметті басқару процесін ұйымдастыру;
12) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы нәтижелілікті өлшеу;
13) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесін жетілдіру.

ҚМГ басшылығы ақпаратта қажет ресурстарды беру үшін жауапты.

Процестерді орындау жүйелі түрде тексеріледі және өлшенеді. Бұл олардың нәтижелігіне кепілдік береді және жетілдіру үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Процестерді орындалуын бақылайтындар:

1) құрылымдық бөлімшелер, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ББЖ процестерінің мониторингін және нәтижелігін өлшеуді жүргізу жөніндегі қағидаларға сәйкес процестердің нәтижелігін бағалаудың белгіленген критерийлері бойынша ішкі бақылауды жүргізу арқылы;

2) тәуелсіз аудиторлар (сыртқы/ішкі), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ процестерінің аудитін жүргізу жөніндегі қағидаларға сәйкес ББЖ сыртқы және ішкі аудиттерін жүргізген кезде;

3) ҚМГ ішкі аудиті қызметі, ҚМГ компаниялар тобы қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлы тексеруді жүргізген кезде.

Процестер, Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттарының белгіленген талаптарына кез келген болуы мүмкін сәйкессіздіктерді жою, ЕҚ,ӨҚ және ҚОҚ мақсаттарын қою арқылы жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау, ББЖ жетілдіру жоспарын әзірлеу үшін КМГ басшылығының тұрақты карауының мәні болып табылады.

Нақты және ықтимал проблемаларды шешу үшін қажет әрекеттер, түзетуші шаралар болып, сондай-ақ ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің жұмыстары жоспарлары, процестер бойынша бақылау рәсімдері, жол карталары, анықталған проблемаларды жою жоспарлары, төтенше жағдайларда іс-қимылдау жоспарлары және арнайы дайындық, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы бағдарламалар, ББЖ жетілдіружоспарлары арқылы іске асырылады.

КМГ негізгі процестерді тысқары ұйымдарды тартпай, өз бетімен жүзеге асырады.

## 5. Анықтаулар мен қысқартулар

Осы Басшылықта төмендегі анықтаулар мен қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| **ҚМГ** | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы |
| **ҚМГ компаниялар тобы** | ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елі және одан артық пайызы тікелей немесе жанама түрде құқықтық меншіктілік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ-ның бақылау құқығы бар заңды тұлғалар |
| **Аспект** | Ұйымның қызметінің, оның өнімінің немесе қызметтерінің адаммен немесе қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін элементі |
| **Аудит** | Аудит критерийлеріне сәйкестілік дәрежесін анықтау мақсатында аудитің куәлігін және оның объективті бағасын алуға арналған жүйелі, тәуелсіз және құжатталатын процесс |

| | |
|---|---|
| **Аутсорсинг немесе аутсорсингке беру** | Оған сәйкес ҚМГ компаниялар тобының функцияларының бөлігі немесе процесі, орындау үшін берілетін, жеке және заңды тұлғамен шарт жасасу |
| **Кедергі** | оқиғаның/ қоршаған ортаны ластаудың / төтенше жағдайдың алдын алу немесе әсерін шектеу үшін таңдалған қорғау шаралары мен басқару құралдарының функционалды жиынтығы |
| **БиОТ** | Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау |
| **Болған оқиғаны ішкі тергеп-тексеру** | ҚМГ компаниялар тобында оқиғалардың негізгі себептерін анықтау, сондай-ақ оларды талдау |
| **Мүмкіндіктер** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО көрсеткіштерін жақсартуға апаратын жағдайлардың күйі мен жиынтығы |
| **Құжатталған ақпарат** | Басқарылатын және оның жұмыс күйінде болуы талап етілетін ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша ақпарат және ол сақталатын тасығыш. ӨҚ, ЕҚ және ҚО жөніндегі құжатталған ақпаратқа ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаты және Басшылық, ішкі регламенттеуші құжаттар, рәсімдер мен техникалық регламенттер кіреді |
| **Басқа талаптар** | ҚМГ компаниялар тобы міндетті етіп қабылдаған, және де, мемлекеттік билік органдарымен және қоғамдық ұйымдармен келісімдер, еркін мінез-құлық кодекстері, халықаралық бастамалар шеңберіндегі стандарттар мен еркін міндеттемелер түрінде болуы мүмкін мүдделі тараптардың талаптары |
| **ҚМГ өмір үшін маңызды қағидалары** | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлері үшін «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарт; қызметкерлер өзін және өзінің әріптестерін жазатайым оқиғалардан қорғау үшін қолдана алатын әрекеттермен танысуға мүмкіндік беретін ішкі құжат |
| **Тіршілік кезеңі** | Шикізатты сатып алудан немесе табиғи ресурстардан өндіруден түпкілікті жоюға дейінгі, өнімді, жұмыстарды және қызметтерді өндірудің дәйекті және өзара байланысты |
| **Қоршаған ортаны ластау** | Қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиобелсенді материалдардың, өндіру және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ, қоршаған ортаға шуылдың, дірілдердің, магнит өрістерінің және өзге зиянды физикалық әсерлердің ықпалы |

| | |
|---|---|
| **Мүдделі тарап** | Қызметті жүзеге асыруға немесе шешімді қабылдауға ықпал ете алатын, немесе қызмет шеңберінде олардың мүдделері қозғалатын жеке және заңды тұлғалар |
| **Заңнамалық талаптар** | халықаралық конвенцияларды, стандарттарды, Қазақстан Республикасының халықаралық және мемлекетаралық келісімдерін және шарттарын қоса алғандағы нормативтік құқықтық актілерде, нормативтік құжаттардағы талаптар |
| **Кешікпелі индикатор (Lagging indicator)** | Тәуекелдерді басқар жүйесінде деңгейді және нақты зардаптарды бағалауға арналған, бір уақытта бір немесе одан артық кедергілерді (барьерлерді) көрсететін индикатор |
| **Индикатор (Indicator)** | Қызметті, осы қызметтің менеджментін жүзеге асыру шарттарын немесе мәртебесін (күйін), немесе бұл болатын жағдайларды өлшенетін түрде көрсету (сипаттау) |
| **Біріктірілген басқару жүйесі (ББЖ)** | Сапа, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында қойылған мақсаттарға ұйымдастыру, бақылау және ресурстарды бөлу арқылы жетуге арналған КМГ басқару жүйесінің бөлігі (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес) |
| **ҚЕҚҚОТД** | ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеті |
| **КПД** | Ұйымның қызметін толығымен бағалауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ, қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін ұйым қызметінің тиімділігі деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар) |
| **Корпоративтік мәдениет** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ үшін негіз болып табылатын, оған құндылықтар, наным мен қағидаттар кіретін жүйе, сондай-ақ осы негізгі қағидаттарды іске асырып отыратын және күшейтетін әрекет еті тәсілдері мен мінез-құлық модельдерінің жиынтығы |
| **Комитет** | ҚМГ/ ҚМГ компаниялар тобы ұйымының еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті |
| **Түзетуші әрекет** | Сәйкессіздіктің пайда болуы себебін жоюға бағытталған іс-шара |
| **Желілік басшылар** | Жұмыстарды жүргізуге тікелей басшылықты жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының |

| | |
|---|---|
| | басшылары мен мамандары |
| **Сәйкессіздік** | Белгіленген талаптарды орындамау (кез келген шешімдер, құжаттар, заңнамалық талаптарды, ҚМГ нормативтік және ішкі құжаттарының талаптарын, ҚМГ қабылдаған міндеттемелерін орындамайтын басқарушылық шешімдер және т.б.) |
| **Жазатайым оқиға** | Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттемелерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындаған кезде, оның нәтижесінде қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы болған, оны уақытша немесе тұрақты еңбекке жарамдылығына немесе өліміне апарған, оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсері |
| **Объект** | Өндірістік қызметте пайдаланылатын және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының аумақтарында (келісімшарттық аумақтарда) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, жайлар, технологиялық жабдық және мұнай өндеу құрылғылары, бұрғылау қондырғылары және бұрғылау жабдығы, газ-мұнай айдаушы станциялар мен құбыржолдар, резервуарлық парктер, инженерлік құрылыстар мен полигондар, басқа техникалық құрылғылар, көлік құралдары мен арнайы техника |
| **Қоршаған орта (Environment)** | Суды, ауаны, жерді, табиғат ресурстарын, флораны, фаунаны, адамдарды және олардың өзара қатынасын қоса алғанда, ұйым қызмет ететін қоршаған орта |
| **Қауіп (қауіпті факторлар)** | Адамдардың денсаулығына және ҚМГ компаниялар тобының мүлкіне залал келтіруі мүмкін қызмет элементі (операция, процесс, өнім, жабдық, қызметтер) |
| **Қауіпті факторларды анықтау** | Қауіптің болуын тану және оның сипаттамаларын анықтау процесі |
| **Операциялық бақылау** | Айтарлықтай аспектілер мен тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралар мен қызмет (мониторинг, алдын алу және азайту) |
| **Озыңқы индикатор (Leading indicator)** | Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдауда тиімділікті көрсететін, тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты зардаптарды бағалауға арналған индикатор |

| | |
|---|---|
| **ӨҚ, ЕҚ және ҚО** | Денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің бағыты, оған мынадай бағыттар кіреді: қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен еңбек гигиенасы, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестілікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділерді, қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды (су, жануарлар және өсімдіктер әлемін, энерготиімділікті) ұтымды пайдалану |
| **ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қызметті бағыттау үшін ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі |
| **Тәуекелді бағалау** | Сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалық көрсеткішін оның туындауы ықтималдығын және ҚМГ үшін болуы мүмкін зиянды бағалауды жүргізу арқылы анықтау |
| **ҚМБ (ЖҚМБ/ЖҚМБ)** | Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау (жұмыстар қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық бақылау/жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық) |
| **Мердігерлік ұйым (Мердігер)** | ҚМГ компаниялар тобы ұйымымен жасалған шарт бойынша, келісілген талаптарға, мерзімдерге және ережелерге сәйкес белгіленген жұмысты орындайтын/объектіде/ ҚМГ жұмыс орнында қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға |
| **ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары** | ҚМГ/ Компанияның ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы (Экологиялық саясат, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат) даму бағыттары мен ниеттері және қызметінің басымдылықтары туралы мәлімдеме |
| **Тұрақты жетілдіру** | Қойылған мақсаттарға жету үшін менеджмент жүйесін басқару бөлігі. «Тұрақты жетілдіру» түсінігі бірте-бірте өсетін нәтижелерге, сондай-ақ, «жарып өтетін» үлгісіндегі нәтижелерге де қатысты. «Тар» жерлерді анықтау, проблемаларды анықтау және қызметті жақсарту үшін мүмкіндіктерді іздеу, процесстерді оңтайландыру және ықтимал қатерлер мен тәуекелдерді жою бойынша күн сайынғы қызмет болып табылады |
| **Қауіптің болуы ықтимал жағдай (Near-miss)** | Жарақатқа (залалға) немесе қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті жағдайға апаруы мүмкін жағдайлар (жабдық, мінез-құлық және қоршаған орта) |

| | |
|---|---|
| **Жұмыстарды аяқтау немесе тоқтату құқығы (Stop work authority)** | ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға негізді қатер төндіретін қауіптің болуы ықтимал жағдай туындағанда, жұмысты аяқтауға немесе жұмысты тоқтатуға заңды құқығына берілген кепілдік |
| **Алдын ала талқылау** | Ол арқылы ҚМГ компаниялар тобы шешімдер мен әрекеттерді қабылдағанға дейін қызметкерлердің пікірін анықтайтын процесс |
| **Алдын алу шаралары** | Сәйкессіздіктің пайда болуының ықтимал себебін жоюға бағытталған іс-шара |
| **Оқиға** | Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, апатқа, жол-көлік оқиғасына немесе ҚМГ компаниялар тобының бизнесіне және беделіне әсер ететін кез келген өзге жағдайға апарған немесе апаруы мүмкін, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік қызметі нәтижесінде немесе процесінде орын алған кез келген жоспарланбаған оқиға |
| **Процесс** | Белгіленген нәтижені алу үшін кірулерді пайдаланатын, өзара байланысты және (немесе) өзара әрекеттесетін қызметтер түрлерінің жиынтығы |
| **Рәсім** | Бір бизнес-бағыт шеңберінде бір немесе одан артық функционалды блоктардың құрылымдық бөлімшелерінің қандай да болмасын процесті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін ішкі құжат |
| **Қызметкер** | ҚМГ компаниялар тобы ұйымымен еңбек қатынастарындағы және жұмысты еңбек шарты бойынша орындайтын жеке тұлға |
| **Жұмыс орыны** | Қызметкердің, өзінің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындаған кезде тұрақты немесе уақытша болатын орыны |
| **Ресурстар** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жеткілікті түрде қолдау және оның жұмыс істеуі үшін қажет адам, қаржы және материалдық ресурстары |
| **Тәуекел** | Сапа менеджменті жүйесінің шеңберлерінде – тиісті сапаны қамтамасыз ету қабілеті, тәуекелдерді басқару жүйесі саласында – денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің шеңберінде стратегиялық мақсаттарға ойдағыдай жету қабілеті – ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығына теріс ықпал ететін қолайсыз оқиғаның пайда болуы мүмкіндігі |

| | |
|---|---|
| **ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)** | Басқарма Төрағасы мен мүшелері |
| **Бизнес-бағыт/ қызмет бағытының басшылары** | Басқарма Төрағасының орынбасарлары, аппарат басшысы, ҚМГ Басқарма Төрағасына тікелей бағынатын және есеп беретін департаменттер директорлары (CEO-1) |
| **Құрылымдық бөлімшелердің басшылары** | Департаменттер директорлары, басқармалар, бөлімдер, қызметтер, диспетчерлік-талдау орталығының басшылары (CEO-2) |
| **Даму стратегиясы** | Миссиясы, Көруі, Стратегиялық мақсаттар, Стратегиялық даму басымдықтары, Стратегиялық КПД және Компанияның Стратегиялық бастамалары туралы мәлімдеме бар ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау құжаты |
| **ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қызметтің бағыты үшін ҚМГ жауапты компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қызметін үйлестіретін маман |
| **ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын әзірлеу және орындау, ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттарына жету және ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді басқару үшін қолданылатын ҚМГ басқару жүйесінің бөлігі |
| **Талап** | Әдетте міндетті болып болжанатын немесе болып табылады деп белгіленген қажеттілік немесе күту |
| **ТЖҚ** | Тауарлар, жұмыстар және қызметтер |
| **Қор** | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| **Уәкілетті органдар** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар, сондай-ақ оның аумақтық органдары |
| **Технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару (Process Safety Management)** | Технологиялық процестермен байланысты оқиғаларды/ қоршаған ортаны ластанулардың алдын алу үшін өндірістік процесті (бағдарламаларды, рәсімдерді, аудиттерді, бағаларды) басқару және бақылау жүйесін технологиялық қауіптерді анықтайтындай, түсінетіндей және бақылайтындай етіп қолдану |

| | |
|---|---|
| **Тәуекелдерді басқару** | Оқиғаның/ Жазатайым оқиғаның/ Қоршаған ортаны ластаудың ықтимал туындауын төмендетуге, оны іске асырудан туындаған болуы ықтимал зардаптарды барынша азайтуға бағытталған, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы басқарушылық шешімдерді қабылдау және орындау процесі |
| **Өзгерістерді басқару (Management of Change)** | Заңнамалық талаптардағы, өндірістік процестердегі, ішкі құжаттардағы, жабдықтардағы және технологиялардағы, ұйымдық құрылымда, өнімдер мен қызметтерде, туралы қауіптер және олармен байланысты ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдер туралы білімдер мен ақпараттардағы сияқты ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ көрсеткіштеріне әсер ететін жоспарланған өзгерістерді (уақытша немесе тұрақты) басқару процесі |
| **Басқарушылық қызметкерлер** | Тізбесі ҚМГ Басқармасының шешімімен бекітілетін, қызметтің стратегиялық бағытына тікелей жетекшілік ететін қызметкерлер |
| **ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттары** | ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ҚМГ жоспарланған көрсеткіштеріне қатысты мақсаттар. Мақсаттар, аудиттің орындалуын, нәтижелерді бағалау және талдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сандық белгіленуі тиіс |
| **Төтенше жағдай (ТЖ)** | Адамдардың өліміне, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық объектілеріне зиян, айтарлықтай материалдық шығындар келтіруге және халықтың өмір тіршілігі жағдайларының бұзылуына апарған немесе апаруы мүмкін авария, апат немесе зілзала нәтижесінде туындағаны белгілі бір аумақтағы жағдай |
| **Экологиялық аспект (фактор) (Environmental Aspects)** | қоршаған ортамен әрекеттесетін немесе әрекеттесуі мүмкін қызмет элементі (операция, технологиялық процесс, қызметтер, өнім) |
| **Экологиялық аудит** | Экологиялық тәуекелдерді анықтауға және бағалауға және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған аудит жүргізілетін субъектілердің шаруашылық және өзге қызметін тәуелсіз тексеру |
| **Экологиялық әсер** | Толығымен немесе ішінара экологиялық аспектілер салдары болып табылатын, қоршаған ортаның теріс немесе қолайлы өзгерістері |

| | |
|---|---|
| **Элементтер** | ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарын, рольдер мен жауапкершіліктерді, жоспарлау мен жұмыс істеуін, көрсеткіштерді бағалауды және жақсартуларды белгілейтін ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ элементтері |
| **HSE KMG** | ҚМГ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпараттық жүйе - HSE KMG (www.hse.kmg.kz) |
| **International Association of Oil & Gas Producers (IOGP)** | Мұнайды және газды өндірушілердің халықаралық қауымдастығы |
| **International Petroleum Industry Environmental Conservation Association (IPIECA)** | Мұнай-газ өнеркәсібінің қоршаған орта және әлеуметтік мәселелер бойынша өкілдерінің халықаралық қауымдастығы |

## 6. Іргелі қағидаттар

Басқарудың іргелі қағидаттары ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тиімділігі үшін негіз қалаушы болып табылады, олар ҚМГ компаниялар тобының ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ құратынын және қолдайтынын белгілейді, және де оны нығайтуға және тұтастығына көмектеседі (1-сурет).



1-сурет. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ құрылымы - 10 элементтің негізінде 4 іргелі қағидат жатыр.

Іргелі қағидаттарда, тиімді ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ үшін маңызды болып табылатын басқару процестеріне негізгі назар бөлінеді: мақсатқа жету, көшбасшылық, тәуекелдерді басқару және тұрақты жетілдіру.

Бұл іргелі қағидаттар дәйекті болып табылмайды, бірақ олар әр элементке бірдей қолданыла алады, бұл табысқа жетуге көмектеседі. Әр іргелі қағидатқа тұрақты назар аудару, өнімділік пен тиімділікті арттыра отырып, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ қолдауға көмектеседі. Он элемент ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ түрлі құрамдастарын ұйымдастыру үшін құрылым құрады. Он элементтің әрқайсысына мақсат, талаптар және құжатталған ақпарат кіреді.

**6.1. Мақсатқа жету: «Іске асыру»**

Тиімді іске асыру ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жетістіктері үшін қажет, және де, үнемі жетілдіруге апаруы тиіс. Бұл үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ орталықтандырылған және ҚМГ компаниялар тобының барлығында, тәуекелдерді бағалау және бақылау шараларының дәйекті қолданылуы үшін стратегиялық жоспарлау үшін де, күнделікті жұмыс үшін де енгізілуі тиіс.

Жеке міндеттемелер мен есептіліктің ойдағыдай іске асыру үшін шешуші мәні бар. ҚМГ Басшылығы жалпы жауапкершілікте болады, бірақ, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ әр бөлігінің процесс иесі болуы үшін есептіліктің дәл тәртібін және өкілеттіліктердің көлеміне өкілеттік береді. Бұл каскадтау, процестер мен ішкі құжаттарды қоса алғанда ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ ішкі деңгейлеріне одан әрі өкілеттік беруге апарады.

**6.2. Көшбасшылық: «ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тиімділігі үнемі бақылаңыз»**

Даму стратегиясы мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясатын мақсатқа бағытталған іске асыруға, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ қолдауға жоғарыдан төмен бастама жасалуы тиіс. ҚМГ Басшылығы ҚМГ компаниялар тобының әр басқару деңгейіне ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ енгізу үшін қажет өкілеттіктер мен ресурстарды береді. ҚМГ компаниялар тобында жауапкершілік, рольдер мен міндеттер белгіленуі және каскадталуы тиіс.

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар адалдықты, ашықтықты көрсетеді, өзіне алған міндеттемелерді орындайды, және де, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері кері байланысты ашық бере алатын орта құру үшін жағдай жасайды. ӨҚ, ЕҚ және ҚО процесіне қатысатын ҚМГ компаниялар тобының әр қызметкері ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі өзінің міндеттерін түсінуі және өзінің басқару білетіні көрсету үшін мүмкіндіктерді көруі тиіс. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тиімділігі, көбінесе, ӨҚ, ЕҚ және ҚО

мақсаттарына жету үшін өздерінің уақыты мен күшін бөлетін, еліктеу үшін үлгі болып табылатын, ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлердегі басшыларына байланысты болады.

### 6.3. Тәуекелдерді басқару: «Кедергілерден өту, оң нәтижелерді нығайту»

Тәуекелдерді басқару ҚМГ компаниялар тобы процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады  және оның мәні, ҚМГ компаниялар тобының мүдделерін қорғау және нәтижелерге жету мақсаттарында, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ  шеңберінде шешімдер қабылдау үшін бірінші кезекте болады.

Тәуекелдерді басқаруға жалпы көзқарас сыртқы және ішкі факторларды қараудан басталады. Сыртқы  факторларға жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе халықаралық деңгейлердегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық, заңнамалық талаптар және экологиялық аспектілер кіреді. Сонымен бірге, олардың ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттары мен оның мүдделі тараптармен өзара қатынастарына әсері белгіленеді. Ішкі факторларға ҚМГ компаниялар тобын ұйымдастыру мен басқару, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттары, мүмкіндіктер пен ресурстар, ақпараттық жүйелер және шешімдер қабылдау жүйелері, шарттық және әріптестік қатынастар және Корпоративтік мәдениет кіреді.

Корпоративтік мәдениетті және қызметкерлердің, мердігерлердің/аутсорсингтің, келушілердің және мүдделі тұлғалардың қауіпті факторлар мен тәуекелдер бөлігіндегі хабардарлығын арттыру мақсатында, ҚМГ, өмір үшін маңызды ҚМГ қағидаларын әзірлеген, олар ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлеріне арналған және олардың орындауы үшін міндетті.

Өмір үшін маңызды ҚМГ қағидаларында, ҚМГ компаниялар тобында болған оқиғаларды талдау және халықаралық тәжірибелер негізінде әзірленген объектілерде/жұмыс орындарында жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары бар, олар мынадай:

1) қауіпсіздік шараларын айналып өту;
2) тұйық кеңістікте жұмыстар жүргізу;
3) көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу;
4) энергия көздерін оқшаулау;
5) отпен жұмыстар;
6) қауіпті аймақ;
7) жүк көтеру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік;
8) қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат;
9) биіктіктегі жұмыстар.

### 6.4. Тұрақты жетілдіру: «Әрқашан жоспарла-істе-тексер-қимылда» (PDCA)

Дәйекті қадамдардың үздіксіз циклі арқылы тұрақты жетілдіруге жету тұжырымдамасы: Жоспарлау - Орындау - Бақылау – Әрекет, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ үшін негізгі болып табылады (2-сурет).

Цикл мұқият жоспарлаудан басталады, одан кейін тиімділікті тексеру арқылы бақыланатын орындау болады. Осының бәрі үздіксіз циклды келесі жоспарлау кезіндегі жақсарту жөніндегі әрекеттерге апарады. Цикл ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ пен оның кез келген элементін тұрақты жетілдіру үшін немесе жеке алынған жұмыс рәсімі үшін дәйекті қолданылады, және де, іске асырудың негізінде жатады.

Цикл немқұрайлылықтан қорғайды. Жиі Жоспарлау-Орындау сатыларына зейін қоюға және циклдың іс жүзінде аяқталғанын болжауға болады. Бұл әдеттен тыс сенімділік, тұрақты жетілдіруге кепілдік беретін Бақылау-Қимыл сияқты дәл сондай маңызды сатыларға назарды жеткіліксіз аударуға апаруы мүмкін.




2-сурет. Жоспарлау-Орындау-Бақылау-Қимылдау әдіснамасы

1) Көшбасшылық пен Саясат. Циклдың жетістігі ҚМГ басшылығының, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттары басшыларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларының, желілік басшыларының шынайы берілгендігіне байланысты, олардың циклды өздерінің ағымдық жұмыс режимімен біріктіруі және өзінің үлгісінде циклдың қалай қолданылатынын көрсетуі қажет. ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаты іс-қимылдар шеңберін белгілейді және ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын қоюға негіз болып табылады;

2) Жоспарлау. ҚМГ компаниялар тобында құрылымды, жауапкершілікті және уәкілеттіктерді белгілеу. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіру және бағалау, ҚМГ-дағы ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы Мақсаттарды, бағдарламаларды және бастамаларды белгілеу және ҚМГ компаниялар тобының көрсеткіштерін жақсарту;

3) Қамтамасыз ету және жұмыс істеуі. Жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру, оқытуды, құзыреттілікті, коммуникацияларды және хабардарлықты, бақылау әдістері мен құралдарын, құжатталған ақпаратты бақылау жүйесін жетілдіру;

4) Көрсеткіштерді бағалау. Онда болған міндеттемелерді, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын және жұмыс критерийлерін, сондай-ақ нәтижелер туралы есептілікті қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын іске асыруға қатысты процестерді мониторингтеу және өлшеуді жүргізу;

5) Тұрақты жетілдіру. ҚМГ басшылығы тарапынан ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуінің сәйкестілігін, жеткіліктілігін және тиімділігін және жақсартуға арналған шараларды талдау және бағалау.

## 7. Көшбасшылық, міндеттемелер және жауапкершілік (1-элемент)

Элементтің мақсаты – ҚМГ Басшылығы өзінің жауапкершілігін түсінеді және ӨҚ, ЕҚ және ҚО ақиқат және тиімді басқару арқылы көшбасшылық пен ҚМГ компаниялар тобына және ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясатына шынайы берілгендігін көрсетеді.

ҚМГ, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшыларының, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларының, желілік басшылардың, өздерінің көшбасшылық қасиеттері мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ қағидаттарына шынайы берілгендігін көрсетуін, рольдерді, міндеттерді, жауапкершілік мен өкілеттіктерді дәл бөлуін, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Даму стратегиясын және ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын іске асыру үшін қажет ресурстарды беруін қамтамасыз етуге тырысады.

### 7.1. Көшбасшылық және міндеттемелер (п. 5.1 ISO 14001, п. 5.1 ISO 45001)

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар жеке басының үлгісімен төмендегілер арқылы көрінетін қатысуды және шынайы берілгендігін көрсетеді, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ енгізуді және тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етеді:

1) қызметкерлердің денсаулығын қорғау үшін жалпы жауапкершілікті қабылдау;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатының және онымен байланысты ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттардың белгіленгенін және Даму стратегиясымен сәйкестілігін қамтамасыз ету;

3) Цели ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын қолдайтын Корпоративтік мәдениетке көмектесу – оқиғалардың/ қоршаған ортаны ластаулардың толық болмауы;

4) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ шеңберінде экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, қоршаған ортаны дәйекті жақсарту және ластануына жол бермеу;

5) ҚМГ компаниялар тобының бизнес-процестеріне ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ процестері мен талаптарын кіріктіруді қамтамасыз ету;

6) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ белгіленген нәтижелерге жететінін қамтамасыз ету;

7) алдын ала талқылауды пайдалан отырып, қызметкерлердің және/немесе қызметкерлер өкілдерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, қатысу үшін кедергілер мен барьерлерді анықтау және жою;

8) ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелеріне қызметкерлердің оң қатынасын қалыптастыру және көтермелеу;

9) жұмыстарды қауіпсіз және тиімді орындау үшін жеткілікті ресурстар беру және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жүйесін жұмыс күйінде ұстап отыру;

10) рольдерді, міндеттерді, жауапкершіліктерді, өкілеттіктерді белгілеу және құжаттармен ресімдеу және оларды тиісті қызметкерлердің мәліметі үшін лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу арқылы жеткізу;

11) Комитеттің ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ әзірлеу, енгізу, жұмыс істеуі және кезеңдік талдау жөніндегі қызметін үйлестіру;

12) әр қызметкердің жұмыстар жүргізу кезінде ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері үшін жауапкершілігін, орындалатын жұмыстарды кезеңдік тексеруді жүргізу арқылы қамтамасыз ету.

Бизнес-бағыттар/ қызмет бағыттары басшыларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларының, желілік басшыларының объектілерде ТЖҚ жеткізетін/ орындайтын/ көрсететін қызметкерлермен, мердігерлермен/ аутсорсингпен ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша ақпаратпен екіжақты алмасуын қамтамасыз етеді, соның ішінде:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттарын каскадтайды және оларды енгізуді және орындауды белсенді ынталандырады;

2) тұрақты негізде өткізіліп отыратын әр кеңесті ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелерінен бастайды;

3) жұмыс орындарына тұрақты барып тұрады, қызметкерлердің ӨҚ, ЕҚ және ҚО талаптарын сақтауын бақылайды және олармен ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелерін ашық талқылайды;

4) оқу және жұмыс тәжірибесі процесінде ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы өздерінің дағдылары мен білімін арттырады;

5) өздері басқаратын құрылымдық бөлімше ішінде, сондай-ақ олардан тысқары жерлерде ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында өздері алған тәжірибені таратуға және меңгеруге көмектеседі;

6) ӨҚ, ЕҚ және ҚО жөніндегі өзінің жеке жоспары болады.

ҚМГ компаниялар тобының әр қызметкерінің қауіпсіздігі мәдениетін, оқиғаларға жол бермеу және ӨҚ, ЕҚ және ҚО процестеріне ынта қоюда жеке басының мүдделілігін арттыру мақсатында, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының компаниялар тобында Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің көшбасшылық және шынайы берілгендік кодексі енгізілген.

ҚМГ компаниялар тобында басшы және басқарушы қызметкерлер үшін және ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша КПД (корпоративтік және функционалдық) арқылы басқару жүйесі енгізілген және жұмыс істейді, ол ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында нәтижелілікті арттыруға бағытталған.

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша жыл сайынғы форумдарда және кеңестерге белсенді қатысады (ҚМГ Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің қатысуымен ЕТҰ бас директорларының ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы форумы).

«Samruk Business Academy» ЧУ көмегімен, ҚМГ, «HSE Бизнес Академия» - қауіпсіз еңбек көшбасшылары академиясында ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылары, ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметтері басшылары мен қызметкерлері үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО мен Корпоративтік мәдениетті құру жөніндегі оқыту бағдарламасын іске асырады.

ҚМГ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының жыл сайынғы конкурсын жүргізу тәртібі және талаптары туралы қағидаға сәйкес ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы инновациялар бойынша «КазМунайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» конкурсының өткізілуіне бастама жасаған.

### **7.2. Жауапкершілік** (5.3 ISO 14001, п.5.3 ISO 45001)

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуін қамтамасыз ету және

ҚМГ Өмірлік маңызы бар қағидаларының сақталуы үшін жауапкершілікте болады.

ҚМГ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры басшылықтың ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ бойынша өкілі болып табылады және ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері үшін жауапты болады және төмендегілердің қамтамасыз етілуін бақылайды:

1) ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес белгіленген және қолданылатын және қолдап отырылатын ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ талаптарының сақталуын;

2) қызметкерлердің «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі корпоративтік стандартының және ҚМГ ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы басқа ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын;

3) ҚМГ Директорлар кеңесіне, ҚЕҚҚОТД-ка, жақсарту бойынша ұсыныстарды қоса отырып, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуі туралы ақпарат беру;

4) ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы мүдделі тараптардың күтулері туралы ақпарат беру;

5) нәтижелерді мониторингтеу үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы негізгі көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу, және де, осы мәліметтердің ҚМГ компаниялар тобының әр қызметкеріне жеткізілуін қамтамасыз ету.

ҚМГ компаниялар тобының әр қызметкері өздерінің өкілеттіктері шеңберінде ӨҚ, ЕҚ және ҚО үшін, жеке басының қауіпсіздігі мен маңайындағы адамдардың қауіпсіздігін қоса алғанда, дербес жауапты болады. ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша рольдер мен міндеттер ішкі құжаттарда және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатына сәйкес, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға негізді қатер төндіретін қауіптің болуы ықтимал жағдай туындағанда, жұмысты аяқтауға немесе жұмысты тоқтатуға заңды құқығына кепілдік беріледі.

## 8. Саясат, мақсаттар және бағдарламалар (2-элемент)

Элемент мақсаты - барлық қызметкерлерге, мердігерлерге/ аутсорсингке және мүдделі тараптарға ӨҚ, ЕҚ және ҚО, ҚМГ компаниялар тобының барлық бизнес-процестерінің маңызды бөлігі болып табылатыны туралы хабарлау.

### 8.1. Саясат және мақсаттар (п.5.2, 6.2.1 ISO 14001, п.5.2, 6.2.1 ISO 45001)

ҚМГ Басшылығы ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жер үстіндегі көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясатын, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ алкоголь, есірткі заттарына, психотропты заттар мен олар тәріздес заттарға қатысты саясатты, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында шығарындыларды басқару жөніндегі саясатты, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және

оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерін басқару корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатты, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау учаскелерінде және кен орындарында объектілерді жабу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру саласындағы саясатты бекіткен және қолданысқа енгізген және олардың іске асырылуы үшін жауапты болады.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары, оларды ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы міндеттемелерімен таныстыру мақсатында, ҚМГ компаниялар тобының объектілеріне ТЖҚ жеткізетін/ орындайтын/ көрсететін барлық қызметкерлердің, мердігерлердің/ аутсорсингтің назарына жеткізіледі.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары Интранет корпоративішілік желісінің порталында және ҚМГ корпоративішілік сайтында www.kmg.kz. ЭҚЖ орналастырылған және қол жетімді. ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары мүдделі тұлғаларға сұрату бойынша беріледі.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО мақсаттарын ҚМГ Басшылығы Даму стратегиясының негізінде қайта қарайды (қажет болғанда) және белгілейді. ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын белгілеген кезде төмендегілер ескеріледі:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы заңнамалық және басқа талаптар;
2) тәуекелдер мен маңызды экологиялық аспекттерді бағалау нәтижелері;
3) бизнеске толығымен қатысты болатын ҚМГ басқа саясаттары мен мақсаттары;
4) мүдделі тараптардың пікірлері;
5) тұрақты жетілдіру үшін мүмкіндіктер;
6) қолда бар технологиялық баламалар және қаржылық, өндірістік және бизнес талаптар;
7) жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің немесе өндірістік жағдайлардың өзгеруімен байланысты ҚМГ компаниялар тобындағы кез келген өзгерістер.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын қойған кезде олардың өлшенетіні қамтамасыз етіледі (мүмкіндігінше).

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттары, оларға жету үшін ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін ҚМГ компаниялар тобының басқарушы қызметкерлерінің корпоративтік және функционалдық КПД енгізілуі мүмкін.

## 8.2. Бағдарламалар

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын орындау үшін және ӨҚ, ЕҚ және ҚО қойған мақсаттарына жету үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау күйін жақсарту жөніндегі 2023 - 2027 жылдарға арналған Жол картасы әзірленген және іске асырылуда.

Оны іске асыру үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жыл сайынғы іс-шаралар жоспары әзірленеді, оған төмендегілер кіреді:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО дамуы бағыты (ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, денсаулықты қорғау, өндірістік санитария мен

еңбек гигиенасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар, көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттесу, цифрландыру);

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жақсарту жөніндегі бағдарламалар мен бастамалар (ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары мен ішкі регламенттеуші құжаттар, тәуекелдерді басқару, «Қорғау» картасын қолдану, қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқы мәдениетін дамыту, жұмыс орнындағы денсаулықты нығайту, өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару, жер үстіндегі көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жүйесі, мердігерлерді басқару, қоршаған ортаға әсерді төмендету);

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы негізгі өлшенетін көрсеткіштер және олардың орындалуы мерзімдері.

## 9. Ұйымдастыру, ресурстар және мүмкіндіктер (3-элемент)

Элемент мақсаты - қызметкерлер, мердігерлер/ аутсорсинг және мүдделі тараптар заңнамалық және басқа талаптар, қауіптер, тәуекелдер және ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді басқару туралы хабардар, өз қызметін жүргізуге және өздері жауапты болуға құзыретті. Дағдылар мен құзыреттер тұрақты бағаланып отырады.

Қызметкерлерді оқыту және құзыреттіліктерін қолдап отыру процесі ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы құзыреттіліктің тиісті деңгейін, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары және мердігерлердің/ аутсорсинг қызметкерлерін тәуекелдер, экологиялық аспекттер және ӨҚ, ЕҚ мен ҚО МЖ қатынасында оқытуды және ақпараттарының болуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

### 9.1. Құзыреттілік, оқыту және хабардар болушылық

(п. 7.2, 7.3 ISO 14001, п.7.2, 7.3 ISO 45001)

ҚМГ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында құзыреттіліктерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандартқа, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидаларына, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ әкімшілік персоналын бағалау қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ әкімшілік және басқарушылық қызметкерлерінің аттестатциясын жүргізу қағидаларына сәйкес Даму стратегиясының ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясттарының мақсаттарын орындау үшін қызметкерлердің біліктілігінің қажет деңгейін ұстап отыру мақсатында, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қызметкерлерінің құзыреттілігін төмендегілер арқылы қамтамасыз етеді және арттырады:

1) қызметі тәуекелдермен және экологиялық аспектілермен, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ байланысты қызметкерлер үшін, білімге, оқытуға, жеке басының қабілеттеріне, дағдыларына және тәжірибесіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, құзыреттіліктің қажет деңгейін белгілеу. Құзыреттілікке деген талаптар

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленеді;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша оқытуға деген қажеттілікті анықтау;

3) оқытудың күнтізбелік жоспарын белгілеу;

4) оқыту процесін ұйымдастыру және мониторингін жүргізу;

5) өткізілген оқытудың тиімділігін бағалау;

6) құзыреттіліктің қажет деңгейіне жету және ұстап отыру мақсатында, ӨҚ, ЕҚ және ҚО оқыту бойынша тиісті бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

7) сауалнама негізінде, қызметкерлерден өткізілген оқытудың сапасын бағалау бойынша кері байланысты алу;

8) қызметкерлердің өздерінің міндеттемелерін орындау қабілеттерін растауы мақсатында, кезең сайын құзыреттілікті бағалау (заңнамалық талаптарға сәйкес ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы білімдерін тексеру).

9) технологиялардағы және жұмыстардағы өзгерістер жағдайында, құзыреттілікке деген талаптарды талдау.

ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында оқытуды және білімі деңгейін арттыруды жоспарлау, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнес-жоспарын жасау, бекіту, түзету және мониторингін жүргізу қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бюджетіне, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ЕТҰ бизнес-жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес ҚМГ бюджеттік жоспарында көзделеді.

ҚМГ компаниялар тобы ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша төмендегі оқыту түрлерін жүргізеді:

1) заңнамалық талаптарға сәйкес ӨҚ, ЕҚ және ҚО оқытудың міндетті курстары;

2) күнтізбелік жоспарларға сәйкес ӨҚ, ЕҚ және ҚО оқыту курстары.

ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша нұсқамалықтардың төмендегі түрлері жүргізіледі:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша кіріспе нұсқамалық бағдарламасына сәйкес кіріспе нұсқамалық;

2) жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалық әр объектінің жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалық бағдарламасына сәйкес жүргізіледі (қолданылатын жерде);

3) жұмыс орнындағы қайталап өткізілетін нұсқамалықты жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалық бағдарламасы бойынша толық көлемде, жарты жылда кем дегенде біре рет жүргізеді;

4) жоспардан тыс нұсқамалықты жеке немесе бір кәсіп қызметкерлерінің тобымен жүргізеді. Нұсқамалықтың көлемі мен мазмұнын, оны жүргізу қажеттілігін туындатқан себептер мен жағдайларға байланысты әр нақты жағдайда белгілейді;

5) мақсатты нұсқамалықты, өздеріне наряд-рұқсат ресімделетін жұмыстарды жүргізу кезінде, мамандық бойынша тікелей міндеттерімен байланысты болмайтын біржолғы жұмыстарды жүргізген кезде (тиеу, түсіру, аумақты жинастыру, ұйымнан, цехтен және учаскеден тыс жерлердегі біржолғы

жұмыстар), аварияладың, табиғи апаттардың және апаттардың зардаптарын жойған кезде өткізеді.

ҚМГ корпоративтік орталығындағы кіріспе нұсқамалық, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерінің кіріспе нұсқамалығын жүргізуге арналған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығына сәйкес, кіріспе нұсқамалық бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

ҚМГ-дегі оқытудың тиімділігін бақылау мақсатында, оқыту мониторингі әдістері әзірленген, оларға төмендегілер кіреді:

1) өткізілетін оқытудың сапасын бағалау (мысалы, оқыту процесін бақылау, оқу бағдарламаларының және таратылатын материалдың сапасын бағалау, сыртқы және ішкі тренерлерді бағалау, сауалнамаларды қолдану, тексеру тесттері, тест нәтижелерін талдау және бағалау);

2) оқу аяқталғаннан кейін жұмыстарды жүргізуді бақылау және бағалау;

3) оқудың жеткіліксіз болуы негізгі себеп болып табылатын оқиғаларды, қоршаған ортаның ластануын талдау.

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттар/қызмет бағыттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар, ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі/ ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметтері, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қызметкерлерінің, мердігерлер/ аутсорсинг, мүдделі тараптар қызметкерлерінің, уақытша қызметкерлердің және келушілердің төмендегі бағыттар бойынша ақпараттандырылуын және хабардар болуын қамтамасыз етеді:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ҚМГ ішкі құжаттары;

2), төтенше жағдайларға дайын болу және олар бойынша іс-қимылдау бойынша ӨҚ, ЕҚ және ҚО талаптарын қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатына, ішкі құжаттар мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ талаптарына қатысты қызметкерлердің міндеттері;

3) өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдер, қауіпті факторлар мен экологиялық аспектілер, әзірленген түзету әрекеттері;

4) тәуекелдерді бағалау бойынша әдістер мен инструменттерді белгілеу;

5) тәуекелдерді басқарудың тиімді шараларын белгілеу, жылжыту және ұсыну, және де, қолданылатын ішкі құжаттарды жетілдіру механизмдері;

6) жүргізілетін жұмыстармен, мінез-құлықпен ішкі құжаттардың белгіленген талаптарын сақтамаумен байланысты болуы ықтимал зардаптар;

7) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жеке көрсеткіштерді жақсарту салдарынан басымдылықтар;

8) ҚМГ компаниялар тобының объектілерде жүргізілетін қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлықтық бақылау бағдарламасы сияқты ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы бағдарламалар.

ҚМГ, ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы құзыреттерді артыру жүйесін жақсартуды қамтамасыз етуге тырысады, оған

қажет дағдыларды дамыту және ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелеріне жеке басының шынайы берілгендігін көрсету үшін тәжірибелік құралдар кіреді.

**9.2. Коммуникациялар және консультация беру**
(п.7.4 ISO 14001, п.7.4, 5.4 ISO 45001)

ҚМГ мүдделі тараптармен ӨҚ, ЕҚ және ҚО қатысты тиімді коммуникацияны және консультацияларды қолдауға тырысады.

ҚМГ міндеттемесі ҚМГ компаниялар тобының ішінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша ақпаратты ашық беруден тұрады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдер бойынша коммуникациялар мен хабардарлық жоспарына сәйкес, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жұмыстың тиімді әдістерін қолдану және ӨҚ, ЕҚ мен ҚО Саясатына және ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарына қатысты тұрақты жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында, ҚМГ, ҚМГ компаниялар тобының қызметі әсер ететін барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, коммуникацияны, қатысуды және консультация беруді қамтамасыз етеді.

ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша төмендегі коммуникация әдістері қолданылады, оларға төмендегілер кіреді:

1) объектілерде/жұмыс орындарында қызметкерлермен, мердігерлермен/ аутсорсингпен және келушілермен ақпарат алмасу;

2) уәкілетті органдармен өзара әрекеттесу және олармен және мүдделі тараптармен консультация жүргізу;

3) қызметкерлерді қауіпті факторлар мен тәуекелдерді, және де экологиялық аспекттерді, қауіпті және қауіпсіз мінез-құлықты анықтауға, тәуекелді бағалауға және бақылау элементтерін анықтауға, оқиғаларды/ қоршаған ортаны ластауларды тергеп-тексеруге, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ұсынымдарды әзірлеуге және талдауға тарту;

4) қызметкерлермен және мердігерлермен/ аутсорсингпен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында олардың болуы ықтимал тәуекелдеріне әсер ететін өзгерістерге қатысты консультациялар жүргізу;

Ішкі коммуникация төмендегі әдістерді пайдаланып жүзеге асырылады:

1) нұсқамалықтардың барлық түрлері;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша форумдар, кеңестер, семинарлар және жиналыстар;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша бағдарламалар мен бастамалар;

4) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы есептілік;

5) баспа және бейнеөнім (есептер, плакаттар, бейнеороликтер, жадынамалар);

6) Оқиғалар туралы ақпараттық хабарламалар және ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша алынған сабақтар;

7) ӨҚ, ЕҚ және ҚО ақпараттық стендтері;

8) HSE KMG жедел есептілік, консультациялар және ақпарат алмасу;

9) интранет.

ҚМГ беделін қолдау және мердігерлермен/ аутсорсингпен, келушілермен және мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынастар орнату үшін қажет шарт болып табылатын сыртқы коммуникация төмендегі әдістерді қолданып жүзеге асырылады:

1) мүдделі тараптарға ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша ақпарат және сұрату бойынша жауаптар беру;

2) мүдделі тараптардың және уәкілетті органдардың тараптарынан ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша шағымдар мен кінәраттар бойынша жауаптар;

3) уәкілетті органдармен төтенше жағдайларда өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу;

4) ҚМГ тұрақты даму саласындағы есепті жариялау;

5) ҚМГ корпоративтік сайты.

ҚМГ, үнемі қайта қаралуы және жаңартылуы тиіс ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы коммуникациялар жоспары арқылы ҚМГ компаниялар тобында коммуникациялардың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге тырысады.

### 9.3. ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ құжаттамасы

(п.7.5 ISO 14001, п.7.5 ISO 45001)

ҚМГ, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуі үшін қажет болатын ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы құжатталған жүйені ҚМГ ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес белгілейді және жұмыс істейтін күйінде ұстап отырады.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ құжатталған ақпаратына төмендегілер кіреді:

1) 1-деңгей – ҚМГ Даму стратегиясы;

2) 2-деңгей – ӨҚ, ЕҚ және ҚО саясаттары, ҚМГ Кодекстері мен Басшылықтары;

3) 3-деңгей - ҚМГ корпоративтік басшы құжаттары (ережелер, қағидалар, регламенттер);

4) 4-деңгей – ҚМГ Жол картасы, жоспарлары мен бағдарламалары;

5) 5-деңгей - ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының техникалық басшылықтары мен регламенттері;

6) 6-деңгей – ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының жоспарлары мен бағдарламалары.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы құжатталған ақпаратты басқару тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та құжаттарды басқару қағидаларымен белгіленген.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қолданыстағы құжаттамаға өзгерістер енгізу, сондай-ақ, енгізілетін барлық толықтырулар және/немесе өзгерістер регулируются ішкі құжаттарға ҚМГ ішкі құжаттарымен реттеледі.

## 10. Мердігерлер мен мүдделі тараптар (4-элемент)

Элемент мақсаты – олардың ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша тиімділігі ҚМГ компаниялар тобының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін, мердігерлер/ аутсорсинг және мүдделі тараптар ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде ТЖҚ орындау/ көрсету/ жеткізу үшін мүмкіндіктері мен құзыреттері бойынша бағаланады.

**10.1. Мердігерлерге қойылатын талаптар** (п.8.1.4.2, п.8.1.4.3 ISO 45001)

ҚМГ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында мердігерлік ұйымдармен еңбекті қорғау өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында өзара әрекеттесу бойынша корпоративтік стандарттарға сәйкес, ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде ТЖҚ орындайтын/ көрсететін/ жеткізетін мердігерлерді/ аутсорсингті ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында ұйымдастыру, тиімді басқару және бақылау үшін бірыңғай талаптар белгілейді.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының мердігерлермен/ аутсорсингпен өзара әрекеттесуі кезінде, шарттарда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатын, ішкі құжаттарды, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, Қордың сатып алу рәсіміне сәйкес ТЖҚ жеткізу/ орындау/ көрсету бойынша заңнамалық талаптарды сақтау және қамтамасыз ету бойынша талаптарды белгілейді.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы талаптары ТЖҚ жеткізетін/ орындайтын/ көрсететін мердігерлермен/ аутсорсингпен шарттардың техникалық ерекшеліктерінде белгіленеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізген кезде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі регламент ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарына ТЖҚ жеткізуге/ орындауға/ көрсетуге мамандандырылған мердігерлер/ аутсорсинг қызметкерлеріне қатысты болады, ол қолданылатын жерде.

Техникалық ерекшелікке сәйкес мердігерлер/ аутсорсинг, ол қолданылатын жерде, тәуекел дәрежесіне байланысты, ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспар әзірлейді. Мердігер/ аутсорсинг ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспарды, шартта белгіленген графикке сәйкес, ТЖҚ жеткізу/ орындау/ көрсету басталмас бұрын ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесіне/ ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметіне қарау және келісу үшін беруге міндетті. ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспар іс-шара түрінде жұмыстарды жүргізу жоспарына енгізіледі (қажет болғанда).

Мердігердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспары қамтамасыз етуге тартылған:

1) шарттық міндеттемелерді айтарлықтай іске асыру үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелерін басқару үшін мердігерде/ аутсорсингте болуы тиіс ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары, ішкі құжаттар мен процестер талаптары, заңнамалық талаптар, бақылау мен ресурстар өлшемдері, жауапкершілік;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ, мердігердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспарының ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатымен үйлесімділігі.

Мердігердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша жоспары төмендегі жағдайларда қайта қаралуы тиіс:

1) Шарт ТЖҚ көлеміне өзгерістер енгізілген, ол қолданылатын жерде;

2) ҚМГ компаниялар тобының және/немесе мердігердің/ аутсорсингтің ұйымдық құрылымы өзгерген;

3) Шарт техникалық ерекшелігі мазмұны өзгерген;

4) ҚМГ компаниялар тобының объектісінде оқиға/ қоршаған ортаны ластау болған жағдайда.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатының, заңнамалық және басқа талаптарды сақталуын бағалау үшін, ҚМГ, бекітілген графиктерге сәйкес ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде аудиттің, сондай-ақ, мердігердің/ аутсорсингтің түзетуші шаралар жоспарын орындаудың мониторингінің жүргізілуін қамтамасыз етеді.

### 10.2. Сатып алуды басқару (п. 8.1.4 ISO 45001)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ компаниялар тобында, қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, мердігерлер/ аутсорсинг ТЖҚ жеткізу/ орындау/ көрсету барлық тіршілік кезеңінің барысында тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін мердігерлік ұйымдармен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында өзара әрекеттесу жөніндегі жүйенің енгізілуін қамтамасыз етеді, ол қолданылатын жерде.

ҚМГ, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы нәтижелілікті жақсарту мақсатында шартты орындаудың әр сатысында жүргізу қажет болатын, мердігерлерді/ аутсорсингті басқару жөніндегі қажет шаралардың жүйесі кіретін мердігерлердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы көрсеткіштерді бағалау рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді,

Мердігерлердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО көрсеткіштерін басқаруға тәуекелдерді азайту, ӨҚ, ЕҚ және ҚО тиімділігі критерийлерін орнату, олардың мониторингі мен есептілігі, сондай-ақ, осы ақпаратты тұрақты жетілдіру және мердігерді/ аутсорсингті таңдау процесіне кері байланысты беру арқылы қол жеткізіледі.

ҚМГ компаниялар тобы Қордың талаптарына, заңнамалық және мердігердің/ аутсорсингтің ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы басқарудың барлық сатыларын қамтитын басқа талаптарға сәйкес ТЖҚ сатып алу рәсімдерін белгілейді.

## 11. Тәуекелдерді және өзгерістерді басқару (5-элемент)

Элемент мақсаты - оқиғалардың / қоршаған ортаны ластаулардың алдын алу немесе болуы ықтималдығы мен зардаптарын азайту үшін ҚМГ компаниялар тобының қызметімен байланысты қауіпті факторларды және тәуекелдерді

анықтау, бағалау және басқару. Жоспарлы және жоспарланбаған өзгерістер сәйкестендірілуі және басқарылуы тиіс.

### 11.1. Тәуекелдерді бағалау және бақылау

(п. 6.1.2 ISO 14001, п. 6.1.2 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобында тәуекелдерді басқару мен бірігуді қамтамасыз ету тәуекелдерді басқару бойынша ішкі регламенттеуші құжаттарға - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін басқару әдістемесіне, ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру үлгі қағидаларына негізделген, олар ҚМГ компаниялар тобында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесі шеңберінде әдістер мен құралдарды қолдануда бірыңғай көзқарастарды белгілейді.

ҚМГ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізген кездегі өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында тәуекелдерді басқару жөніндегі регламентті әзірлеген және енгізген.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында, оқиғалардың алдын алу үшін, сондай-ақ, қызметкерлер мен мердігерлерді тарту үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін «Қорғау» картасын қолдану регламентіне сәйкес, «Қорғау» картасын қолдану процесі енгізілген, ол ҚМГ компаниялар тобында болуы ықтимал қауіпті жағдайларды анықтау және хабарлау тәртібін белгілейді.

Қызметтік іс-сапарларға шығу кезінде ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне зиян келтіруге жол бермеу мақсатында, іс-сапар орынан бара жатқанда және кері бағытта, қызметтік іс-сапарда болған кезде қауіпсіздікті сақтау және еңбекті қорғау жөніндегі шаралар ҚМГ қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқаруға кіреді

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қауіпті факторларды, мүмкіндіктерді және экологиялық аспекттерді анықтау, қызметкерлер өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ, тиісті бақылау шараларын белгілеу. Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты қызметкерлер өмірі мен денсаулығы, халық пен қоршаған ортаға, ҚМГ активтеріне, сондай-ақ, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ белгіленген нәтижелеріне жету қабілетіне теріс әсердің болуы ықтималдығын және оқиғалар зардаптарын барынша азайту болып табылады. ҚМГ компаниялар тобы ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы төмендегілерге қатысты тәуекелдерді басқарады:

1) мердігерлер қызметкерлері мен келушілерді қоса алғанда, объектідегі жұмыс орнына кіре алатын барлық тұлғалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі;

2) өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі;

3) экологиялық аспекттерге және экологиялық әсерлерге;

4) мүдделі тараптарға, сақтау бойынша міндеттемелерге.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару, ҚМГ компаниялар тобы объектілерді жобалау мен салудан және оларды пайдаланудан шығаруға және жоюға дейінгі жұмыстарының барлық түрлерінің бөлігі болып табылады, және де, мұнай мен газды барлауды және өндіруді, түпкілікті өнімді тұтынушыға дейін тасымалдау кіретін барлық тіршілік кезеңінің бойында жүзеге асырылады.

ҚМГ компаниялар тобында тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару процесіне төмендегі сатылар кіреді:

1) тәуекелдерді және мүмкіндіктерді сәйкестендіру;

2) тәуекелдерді және мүмкіндіктерді талдау;

3) тәуекелдерді және мүмкіндіктерді бағалау;

4) тәуекелдерді және мүмкіндіктерді өңдеу;

5) тәуекелдерді және мүмкіндіктерді мониторингтеу, талдау және басқару.

Тәуекелдерді жою және тәуекелдің қабылданарлық деңгейіне дейін төмендету үшін, ҚМГ компаниялар тобында бақылау шараларының иерархиясына сәйкес тиісті бақылау шаралары енгізіледі.

Әр қызметкердің, ол үшін қызметкер өз бетімен немесе оның тікелей басшысы, оны азайту бойынша шаралар қабылдай алмайтын және жұмыстарды қауіпсіз орындауға кірісе алмайтын, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға негізделген қатер төндіретін қауіпті болуы ықтимал жағдай туындаған жағдайда жұмысты істеуден бас тартуға немесе жұмысты тоқтатуға кепілдендірілген заңды құқығы бар.

Тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бағалау және бақылау үшін, ҚМГ, тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыру және кедергілерден өту үшін ақпаратты кешігетін және озыңқы көрсеткіштер бойынша ұсынатын оқиғаларды/қоршаған ортаны ластауларды тіркеу негізінде технологиялық процестердің қауіпсіздігі үшін, ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша тиімділіктің басты көрсеткіштерін пайдаланады.

## **11.2. Денсаулық үшін қатерлерді бағалау** (п. 6.1.2 ISO 45001)

ҚМГ, тәуекелдерді бағалауға негізделген және тұрмыс дәстүрінің мәселелерін шешуге бағытталған, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада қызметкерлердің әл ауқатын арттыру бойынша корпоративтік бастамаларға сүйенетін, ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеген және енгізуде.

ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарламалардың іс-шараларына медициналық қызмет көрсету және медициналық тексерулерді ұйымдастыру, өндірістік санитария мен еңбек гигиенасы бойынша бірыңғай талаптарды, науқастану материалдары бойынша зерттеулер мен деректерді талдау және еңбек жағдайларымен өзара байланыс

негізінде кәсіби аурулардың алдын алу және оларға жол бермеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ, денсаулықты басқару жөніндегі ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу кіреді.

Бағдарлама, заңнамалық талаптарды және алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені ескеріп ҚМГ компаниялар тобында медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша кешенді көзқарас тұжырымдамасы мен стратегиясына негізделген, оған төмендегілер кіреді:

1) қызметкерлер денсаулығы үшін қауіптерді бағалау жүйесі: жұмыс орнында қызметкерлердің денсаулығы үшін ауыр және созылмалы зардаптардың алдын алу үшін қажет ақпаратты беру және денсаулық үшін қауіптерді түсіну. Негізгі қауіптерге жататындар: жарақаттар, аурулар, тамақтан улану, аурудың таралуы, шаршау, экстремалды температуралар, психологиялық факторлар және стресстер, инфекциялық аурулар;

2) денсаулық үшін қауіптерді төмендету және оларды басқару жүйесі: бақылау құралдарының иерархиясы әдіснамасына сүйенсек, қауіптерді төмендету бойынша негізгі іс-шаралар болып табылатындар:

а) кәсіби жарамдылықты бағалау;

б) денсаулығы күйін динамикалық бақылау;

в) өмір сапасын және жұмыс орнында болуды қамтамасыз ету;

г) ағын суларды басқару, тамақтану сапасы;

д) еңбек гигиенасы;

е) стресс пен шаршауды басқару;

ж) темекі шегуді, алкогольді және есірткі заттарын қабылдауды бақылау.

3) медициналық қызметтер көрсету жүйесі: алдын алу іс-шаралары, қызметкерлер денсаулығы күйінің динамикалық мониторингі және реабилитациялық іс-шаралар.

### 11.3. Мінез-құлықтық факторларды бағалау (п. 6.1.2.3 ISO 45001)

ҚМГ әзірлеген және енгізген, ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде жұмыстарды орындаған кезде және жер үстіндегі көлік құралдарын жүргізген кезде ҚМБР/ҚМБВ өткізу, сондай-ақ, ҚМБР/ҚМБВ нәтижелері бойынша деректерді жинау, талдау және өңдеу тәртібін белгілейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлықтық бақылау қағидалары.

ҚМГ жұмыстарды орындаған кезде және жер үстіндегі көлік құралдарын жүргізген кезде ҚМГ компаниялар тобында қызметкерлердің қауіпті әрекеттерді және қауіпті жағдайларды қайталап жасағанын анықтауға, алдын алуға және болғызбауға бағытталған ҚМБ/ҚМБВ бағдарламаларын іске асырады.

жер үстіндегі көлік құралдарын пайдаланған кезде қауіпсіздікті және Корпоративтік мәдениетті арттыру мақсатында, ҚМГ конвинсер (қауіпсіздік белдіктерін тренажер-үдеткіштерді) әзірлеген және объектілерді қолданады, ол жол-көлік қақтығысын елестетеді, бұл қызметкерлерге қауіпсіздік белдіктерін пайдаланудың қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді.

ҚМБР/ҚМБВ Корпоративтік мәдениет деңгейін арттырудың және барлық деңгейлердегі басшыларды және қызметкерлердің жеке басының шынайы берілгендігін және БиОТ басқару процестеріне тартылуын көрсету тәсілдерінің тиімді құралдарының бірі болып табылады. ҚМБР/ҚМБВ төмендегі мақсаттарға жетуге бағытталған:

1) қауіпті мінез-құлықты дереу тоқтатуға;

2) қауіпсіз мінез-құлықты және Қызметкер БиОТ талаптарын орындау үшін дер кезінде қабылдаған әрекеттерді қолдау;

3) жұмыстарды БиОТ талаптарын бұзып орындау себептерін анықтау (оқудың жеткіліксіз болуы, бақылаудың болмауы, тиісті емес жағдайлар);

4) қауіпсіз жұмыс қағидатына шынайы берілгендікті растау;

5) қызметкерлердің назарын БиОТ мәселелерінің маңызды екеніне шоғырландыру;

6) между қызметкер мен ҚМБ өткізуші тұлға арасында кері байланысты алу.

ҚМБР/ҚМБВ нәтижелерін өзіне қатысты ҚМБР/ҚМБВ өткізілген қызметкерге тәртіптік жаза қолдану үшін пайдалануға тыйым салынады.

**11.4. Өзгерістерді басқару** (п. 6.1.3, п. 8.1.3 ISO 45001)

Тәуекелдерді басқару рәсімдері ҚМГ компаниялар тобында, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ немесе ҚМГ қызметі түрлеріне қандай да болмасын айтарлықтай өзгерістерді енгізгенге дейін жүзеге асырылады. Мұндай өзгерістерге кіруі, бірақ төмендегілермен шектелмеуі, мүмкін:

1) болған оқиға/ қоршаған ортаның ластануы;

2) қызметкерлер сананың айтарлықтай ұлғаюы немесе қысқаруы, қайта ұйымдастыру;

3) міндеттерді қайта бөлу;

4) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және басқа талаптар тізбесіне сәйкес заңнамалық талаптарды өзгерту;

5) технологиялық процестер параметрлеріндегі, жаңа жабдықтың модификациясындағы немесе енгізілуіндегі өзгерістер;

6) түзету іс-қимылдары, немесе тәуекелдерді бақылау әдістеріндегі өзгерістер нәтижесінде туындауы мүмкін өзгерістер;

7) мінез-құлықты қызметкерлердің жұмыс әдістері мен мінез-құлық модельдеріндегі өзгерістер;

8) бастапқы, шикізат материалдарындағы, химиялық заттардағы өзгерістер;

9) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ  немесе аудиттер мониторингі нәтижелері;

10) уәкілетті органдардың немесе сақтандыру компаниясының ұсынымдары немесе ұйғарымдары.

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі,  өзгерістерді және мүмкіндіктерді басқару процесінде пайдалану үшін, сондай-ақ, төмендегілерге көз жеткізу үшін

көзқарастар мен әдістерді регламенттейтін өзгерістерді және мүмкіндіктерді басқару жөніндегі жүйені енгізуді қамтамасыз етеді:

1) барлық болуы мүмкін өзгерістер белгіленген, тіркеледі, тексеріледі, тәуекелдерді бағалаудан өткен және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысына/ желілік басшыға мақұлдау үшін берілген;

2) тек бекітілген, олар бойынша рұқсат алынған өзгерістер ғана орындауға дайын;

3) ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметі мен технологиялық процестеріне өзгерістердің әсері дұрыс түсініледі және тиісінше басқарылады;

4) барлық өзгерістер ҚМГ компаниялар тобының ішіндегі және шектерінен тыс жерлердегі осы мәселеге қатысы бар мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі, бекітіледі, тіркеледі және тексеруге жатады.

## 12. Активтердің дизайны мен тұтастығы (6-элемент)

Элемент мақсаты **-** ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару объектіні жоспарлау, жобалау, салу, пайдалануға енгізу және пайдаланудан шығарудың ажырамас бөлігі болып табылады, бұл Объектіні салу және пайдаланудың барлық мерзімі бойында ӨҚ, ЕҚ және ҚО сенімді жұмысын қамтамасыз етеді.

### 12.1. Жоспарлау және жобалау (п. 8.1 ISO 14001, п. 8.1 ISO 45001)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі/ ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі, ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарына (қағидаларға, регламенттерге) сәйкес ҚМГ компаниялар тобының оларды іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жобалардың, соның ішінде, қолданыстағы жобалардың сараптамасын жүргізеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында белгіленген қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарттың, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың, талаптарына сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы, объектілерді дамыту, салу, қайта жаңғырту, консервациялау және жою кезінде жобалау құжаттамасы үшін қоршаған ортаға әсерін бағалауды, сондай-ақ, олардың экологиялық сүйемелдеуін (фондық, өндірістік экологиялық мониторинг) заңнамалық талаптарға сәйкес әзірлейді және жүргізеді.

Жоспарлау, жобалау және дизайн, жаңа технологияларды, тораптарды, қондырғыларды, жабдықтарды және жұмыс орындарын таңдау сатыларында белгілі және болжанатын тәуекелдер мен экологиялық аспектілер, сондай-ақ, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары объектілерін пайдалану жөніндегі қолданыстағы техникалық регламенттер ескеріледі.

Сондай-ақ, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары объектілерін жобалау және салу жобаларын іске асыру барысында, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық зардаптар ескеріледі.

ҚМГ, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары объектілерінің жабдықтарында жөндеу және алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде оқиғаға/ қоршаған ортаның ластануына жол бермеу мақсатында, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидаларын әзірлеген және енгізген.

ҚМГ компаниялар тобы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың өрттің алдын алу және сөндіруге дайындығын тексеру және бағалауды жүзеге асыру қағидасына сәйкес объектілердегі өрттің алдын алу және сөндіруге дайындықты және мердігерлердің/ аутсорсингтің шарттық міндеттемелерді орындау тиімділігін бағалауды жүргізеді.

ҚМГ, танымалы инженерлік тәжірибелердің қолданылуын, процестердің қауіпсіздігін және тәуекелдерді басқару қағидаттарын енгізуді ескеріп, заңнамалық талаптарға сәйкес келуі немесе одан артық болуы тиіс кез келген модификацияларды қоса алғанда, объектілерді жобалау, салу және енгізуге арналған техникалық регламенттерді жетілдіруге тырысады.

ҚМГ компаниялар тобы, объектілерді жобалаудың ерте сатысында, ӨҚ, ЕҚ және ҚО мен оның интеграциясы бөлігінде алдыңғы жобаларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету тәжірибесін ескереді және қолданады.

ҚМГ компаниялар тобының активтерін сатып алған немесе иеліктен шығарған жағдайда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласында сараптау және кешенді сараптау (due diligence) жүргізіледі.

### **12.2. Активтердің тұтастығы** (п. 8.1 ISO 14001, п. 8.1 ISO 45001)

Ірі апат оқиғаларының пайда болуын басқару және алдын алу мақсатында, ҚМГ-де, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың талаптарына сәйкес технологиялық қауіпсіздікті басқару жөніндегі процестер енгізілген, олар төмендегілерге:

1) ҚМГ компаниялар тобы объектілерінде өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін іске асыру және қолдау үшін бірыңғай талаптар мен көзқарастарды белгілеуге;

2) активтер мен технологиялық жабдықтың тұтастығын қолдауға;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы заңнамалық талаптарға, салалық стандарттарға, үздік дүниежүзілік тәжірибелерге және көзқарастарға сәйкес қауіпсіз операциялық қағидаларды, нормаларды және рәсімдерді әзірлеу және белгілеуге;

4) технологиялық тәуекелдерді/ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және олардың алдын алу және жұмсарту бойынша тиісті шараларды қолдануға;

5) Қызметкерлердің және халықтың өмірімен және денсаулығымен, қоршаған ортамен, қаржылық және құқықтық зардаптармен мүлікпен және активтермен, беделмен және имиджбен байланысты залалдарға және ысыраптарға жол бермеуге бағытталған.

Объектілердің тұтастығы тиімді физикалық кедергілердің болуымен қамтамасыз етіледі. Ірі масштабты оқиғалар/ қоршаған ортаны ластаулар/ төтенше жағдайлар, бір немесе бірнеше физикалық кедергілер (жабдық/ қондырғылар) іске қосылмаған кезде пайда болады.

Физикалық кедергілердің тиімділігі, процестерді тисінше басқару, сондай-ақ, жекелеген қызметкерлердің және тұтас бригадалардың біліктілігі сияқты, негізінде жатқан көптеген жүйелік кедергілерге байланысты.

Объектіні пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде, оларды бастапқы сатыда құру үшін бірге алынған кедергілердің (жабдық/ қондырғылар – процестер – қызметкерлер) және де, олардың сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін кейінгі шаралардың жиынтық тиімділігін қамтамасыз ету өте маңызды.

Қауіпті өндірістік объектілерде ірі масштабты оқиғалардың / қоршаған ортаны ластаулардың/ төтенше жағдайлардың пайда болуы тәуекелдерін толық жою мүмкін емесе. Алайда, объектілерді пайдаланудың түрлі сатыларында дұрыс жүзеге асырылатын тәуекелдерді жүйелі бақылау процесі, олардың ықтималдығы айтарлықтай төмендетуге және олардың зардаптары масштабтарын шектеуге мүмкіндік береді. Кедергілерді әзірлеу, құрастыру, енгізу және пайдалануды қолдап отыру, іс жүзінде тәуекелдердің мақсатқа сай төмен деңгейін қолдап отыру үшін қызмет көрсету қажет.

Тәуекелді төмендетуге жету мақсатында, жобалық шешімдерге сәйкес барлық тіршілік кезеңінің (жобалау, құрылыс және құрастыру, іске қосу-баптау, пайдалану және жою) ішінде кедергілердің жұмыс істеуіне кепілдік берілуі тиіс.

Оқиғаларды / қоршаған ортаны ластауларды/ төтенше жағдайларды тергеп-тексеру тәжірибесі физикалық кедергілердің іске қосылмауының түпкілікті себептері, жиірек, басқару жүйесі процестеріндегі бұзылуларға немесе адам факторлары (физикалық кедергілер емесе) болып табылатыны туралы куәлік етеді. Процестер мен оларды басқаратын қызметкерлер сияқты екі құрамдастың бірлесіп іске қосылмауы, кейбір физикалық кедергілердің кейіннен істен шығуымен, жүйенің бұзылуына немесе жасырын бұзылуларға апаруы мүмкін.

Физикалық кедергіге қауіпсіздіктің негізгі жүйелері мен құрамдастары кіреді. Мысалы үшін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кедергілердің бірі белсенді өртке қарсы қорғау болып табылады. Бұл ретте, қауіпсіздіктің негізгі жүйелері: су бүркетін өртке қарсы жүйе, газды өрт сөндіру жүйесі, суды жіңішкелеп бүркетін өрт сөндіру жүйесі, ал қауіпсіздіктің негізгі құрамдастары – өрт сөндіретін су сорғысы, айналма өртке қарсы су құбыры, бүрку жүйесінің клапаны болып табылады.

Кедергілердің бастапқы және үздіксіз сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін құжатталған ақпаратты басқарудың сенімді жүйесінің элементтерін енгізу қажет.

Объектінің/жобаның тіршілік кезеңінің әр сатысында барлық талаптарған сәйкестілік фактісін растау мүмкіндігімен, барлық объектілердің/ жобалардың, құжатталған ақпаратты басқару жүйесі болуы тиіс.

## 13. Орындау және қауіпсіз пайдалану (7-элемент)

Элемент мақсаты - ҚМГ компаниялар тобының барлық объектілері заңнамалық талаптарға, тәуекелдерді басқару үшін қолданылатын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының техникалық регламенттеріне сәйкес пайдаланылды және оларға қызмет көрсетіледі. Қызметтің және онымен байланысты тәуекелдердің алдын алу жөніндегі шаралардың желілік басшылардың тікелей басшылығымен дәйекті орындалуы өте маңызды. Іс-шараларды орындаудың әр қадамы қалаулы нәтижеге апаруы тиіс, және де ол қажет болғанда, араласу, дер кезінде болуы тиіс. Болуы ықтимал оқиғалар мен төтенше жағдайларда тиімді іс-қимылдау мүмкіндігі.

### 13.1. Операциялық бақылау (п. 8.1 ISO 14001, п. 8.1 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы сәйкестендірілген қауіптермен, тәуекелдермен және экологиялық аспектілермен байланысты операциялық бақылау бойынша рәсімдер белгіленген жұмыс күйінде ұсталады.

Операциялық бақылау шараларының қажеттілігі төмендегілердің көмегімен анықталады:

1) мердігерлер/ аутсорсинг пен келушілер құратын тәуекелдер мен факторларды, қоса алғанда, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы тәуекелдерді және қауіпті факторларды басқару мақсатында бақылау шараларын талап ететін, тәуекелдерді, жұмыстарды белгілейтін басқару рәсімдерінің;

2) ҚМГ басшылығы тарапынан талдаудың, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаты мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын орындау, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы заңнамалық және басқа талаптарды сақтау мақсатында, бақылауды талап ететін операциялар мен жұмыстарды белгілеу үшін пайдаланылуы тиіс мониторингтің және аудиттің;

3) олар үшін жазбаша рәсімдердің болмауы (мысалы, жоғары қауіпті жұмыстарды жүргізу үшін наряд-рұқсат) оқиғаларға/ қоршаған ортаны ластауларға немесе ҚМГ орындауға міндеттенетін ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатынан, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы заңнамалық және басқа талаптардан басқа да ауытқуларға апаруы мүмкін жұмыстардың;

4) жоспарлы, күнделікті, жоспардан тыс және авариялық операциялардың (мысалы, техникалық қызмет көрсету, пайдалануға енгізу, тоқтату, уақытша жұмыстар және әдеттегі режимдегі жұмыстар);

5) мердігерлер/ аутсорсинг қызметкерлері мен келушілерді қоса алғанда, барлық ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін сәйкестендіру;

6) қызметі ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы сәйкестендірілген қауіптермен, тәуекелдермен және экологиялық аспектілермен байланысты қызметкерлердің рольдері мен міндеттерін нақты бөлу.

ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қауіптер мен тәуекелдерге және экологиялық аспектілерге жататын барлық процестерді, операцияларды және қызметтің түрлерін басқару үшін, ҚМГ төмендегі бағыттар бойынша операциялық бақылауды қамтамасыз етеді:

1) әлеуетті жеткізушілердің біліктілігін алдын ала бағалаумен сәйкес ТЖҚ, соның ішінде қауіптермен және тәуекелдермен байланысты жабдықты сатып алу және ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша критерийлерді белгілеу;

2) Объектінің тіршілік кезеңімен байланысты ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша операцияларды жобалаудан өндіруге, өткізуге, пайдалануға және жоюға дейін басқару. ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы, қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге қойылатын бірыңғай талаптарды регламенттейтін жеке қорғану құралдарына техникалық талаптарды енгізуді қамтамасыз етеді;

3) компаниялар тобы ұйымдарының ішкі құжаттарына, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидаларына сәйкес жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, өндірістік объектінің техникалық тұтастығын қамтамасыз ету;

4) қызметкерлердің денсаулығы күйін бақылау заңнамалық талаптарға (ауысым алдындағы медициналық куәландыруды, міндетті медициналық тексеруді жүргізу) сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандартқа, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы міндетті медициналық тексеруді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандартқа, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік санитарлық бақылаудың бірыңғай үлгі бағдарламасын жасау жөніндегі регламентке сәйкес, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы шұғыл медициналық жәрдемді ұйымдастыру жөніндегі регламенттің көмегімен жүзеге асырылады. ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ компаниялар тобында жақсарту үшін салаларды анықтау үшін құралдарды (Пайыздық қатынасы, Gap-Анализ) пайдалана отырып, денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасын басқарудың тиімділігін бағалау жүйесін енгізуді қамтамасыз етеді;

5) жер үстіндегі көліктік операцияларды басқару, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тиісті бақылау шараларын қолдану үшін, жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі заңнамалық талаптарға және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентіне сәйкес қамтамасыз етіледі.

ҚМГ, барлық деңгейлердегі басшылардың шынайы берілгендігі, ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде технологиялық процесс қауіпсіздігін басқару жүйесін қолдап отыруға және енгізуге мүмкіндік беруіне талпынады, ол тек қана өндірістегі қауіпсіздікті ғана емес, өнімділікті, экономикалық тиімділікті және сапаны арттыру үшін тиімді құрал болып табылады.

Операциялық бақылау рәсімдері оқыту, ақпараттандыру және консультациялар беру шеңберінде, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

**13.2. Төтенше жағдайларға дайын болу және іс-қимылдау**
(п. 8.2 ISO 14001, п. 8.2 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарында төтенше жағдайларға дайын болу және іс-қимылдау процесі заңнамалық талаптарға, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі регламентке және уәкілетті органдармен келісілген ішкі регламенттейтін құжаттарға (Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларына, Аварияларды жою жоспарларына және Мұнайдың авариялық төгілулерін жою жоспарларына) сәйкес жүзеге асырылады.

Бекітілген графиктерге сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарында оқу-жаттығу сабақтары, кешенді оқытулар және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарды тәжірибе жүзінде істеуге арналған жаттығулар жүргізіледі.

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы төтенше жағдайларды басқару жүйесін енгізуді, сондай-ақ төмендегілерге бағытталған ішкі құжаттарды қолдауды қамтамасыз етеді:

1) ҚМГ қабылдаған заңнамалық талаптардың, салалық халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибелердің сақталуын қамтамасыз етуге;

2) болуы ықтимал төтенше жағдайларды анықтауға;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО зардаптарының алдын алу және азайту мақсатында авариялық іс-қимылды қамтамасыз етуге және мүдделі тараптардың талаптарын қарауға. ӨҚ, ЕҚ және ҚО зардаптарына халыққа, қоршаған ортаға, ҚМГ мүлкі мен беделіне зиян келтіру кіреді;

4) қызметкерлерге, төтенше жағдайлар кезінде қандай іс-қимылдау шараларын қабылдау керек екендігі туралы анық нұсқаулар беруге;

5) төтенше жағдайларда іс-қимылдау рәсімдерін әрекет үстінде тексеруге, кейіннен талдау жасауға және рәсімдердің жаңартылуына.

ҚМГ, оқиғаның/ қоршаған ортаны ластаудың және оның таралуының сипатына байланысты, төтенше жағдайларда іс-қимылдың үш деңгейлі құрылымын қолданады, әр деңгей іс-қимылдаудың, жауапкершіліктің және қолдаудың тиісті деңгейі үшін жауап береді:

1) 1-деңгей: зардаптарын учаскеде немесе объектіде жауапты желілік басшы сол жерде және/немесе өзінің ресурстарының көмегімен жоятын оқиға/ қоршаған ортаның ластануы;

2) 2-деңгей: объектінің шектерімен әсер етуі шектелген, алайда әсердің объект шектерінен тыс жерлерге таралуы қатері бар, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының күшімен жойылатын немесе қосымша ресурстар мен қолдауды тарту қажеттілігін шарттастыратын оқиға/ қоршаған ортаның ластануы;

3) 3-деңгей: зардаптарын жою үшін ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ресурстарының жеткіліксіз болатын және қосымша ресурстар мен қолдауды (мемлекеттік авариялық қызметтер немесе басқа ұйымдардың ресурстары) тарту үшін төтенше жағдайларды басқару тобын белсендіру қажет болатын оқиға/ қоршаған ортаның ластануы, немесе ҚМГ беделіне залал келтіруі мүмкін осындай таралуы қатері бар оқиға/ қоршаған ортаның ластануы.

Төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жұмыстарымен, қызметтерімен және өнімімен байланысты тәуекелдердің негізінде әзірленетін объектілердің авариялық іс-қимылдау жоспарларында белгіленеді, оларға төмендегілер кіруі тиіс:

1) төтенше жағдайдың сипатын анықтау тәртібі;

2) мемлекеттік авариялық қызметтер және өндірістік объектілерден жақын орналасқан халық сияқты мүдделі тараптардың қажеттіліктерін назарға алу;

3) төтенше жағдайдың ауқымы ұлғайған жағдайда, басшылыққа алу қажет ішкі құжат;

4) жеке басының міндеттері мен өкілеттіктерін сипаттауды қоса алғанда, ТЖ басқару үшін қажет қызметкерлер;

5) ҚМГ компаниялар тобының ішінде ақпарат алмасуды, сондай-ақ, уәкілетті органдарға, әсер етілген кезе келген тұлғаларға, және де басқа мүдделі тараптарға ақпарат беруді қоса алғанда, авариялық іс-қимылдау және бақылау жөніндегі ішкі құжат;

6) қауіпсіз болу үшін құрылыстар беру, құтқару іс-шараларын орындау, дәрігерлік медициналық жәрдем көрсету және эвакуациялау, соның ішінде науқастарды эвакуациялау жөніндегі жоспарлар мен рәсімдер, бұл жоспарларда, сондай-ақ реанимация үшін құрылыстар да көзделген;

7) авариялық іс-қимылдың қоршаған ортаға тигізген зардаптарының алдын алу, азайту және мониторингін жүргізуге арналған жоспарлар мен рәсімдер;

8) жабдықтарды, құрылыстарды және қызметкерлерді жұмылдыруға арналған іс-шаралар мен рәсімдер;

9) төтенше жағдайларда қолдау көрсету үшін үшінші тараптардың ресурстарын жұмылдыру жөніндегі іс-шаралар мен рәсімдер;

10) авариялық іс-қимылдау қызметкерлеріне арналған оқыту бағдарламалары мен коммуникациялар және авариялық жүйелер мен рәсімдердің әрекеттерін тексеру жөніндегі жоспарлар;

11) өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларымен байланыс;

12) іс-қимылдың бастапқы шаралары, мердігерлер қызметкерлерінің жеке рольдері мен міндеттері белгіленген төтенше жағдайларда мердігерлермен өзара әрекеттесу жөніндегі жоспарлар.

## 14. Болған оқиғалардың есептілігі және тергеп-тексеру (8-элемент)

Элемент мақсаты – қайталауға жол бермеу және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тиімділігін арттыру үшін оқиғалар хабарланады, тергеп-тексеріледі және талданады. Түзету іс-қимылдары мен зерделеу қолданылады.

**14.1. Жедел есептілік** (п. 7.4 ISO 14001, п. 10.2 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобының, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қызметіне қатысы бар мердігерлердің барлық оқиғалары есепке алуға және тергеп-тексеруге жатады және заңнамалық талаптармен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы оқиғалар туралы хабарлау және тергеп-тексеру туралы қағидаларымен реттеледі, оларда төмендегілер сипатталады:

1) ақпаратты бірыңғай нысан бойынша және белгіленген мерзімдерде беру арқылы оқиға туралы жедел хабарлау процесі;

2) оқиғаның түрі мен деңгейіне байланысты, ішкі тергеп-тексеру комиссиясының жұмыс процесі;

3) оқиғаның негізгі себептерін анықтауға талдауға және келешекте ұқсас оқиғалардың болуына жол бермеу жөніндегі тиісті түзету шараларын әзірлеуге бағытталған ішкі тергеп-тексеруді жүргізу процесі;

4) оқиғалардан алынған сабақтар туралы ақпаратты талдау және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының және мердігерлердің қызметкерлеріне дейін жеткізу процесі.

ҚМГ компаниялар тобында оқиғалар туралы хабарлау процестері HSE KMG арқылы жүзеге асырылады.

**14.2. Болған оқиғаларды тергеп-тексеру және қызметкерлерді тарту**
(п. 10.2 ISO 45001)

Уәкілетті органдарға есеп берілетін оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеп-тексеру заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Сонымен бірге, ҚМГ компаниялар тобында оқиғаны, заңнамалық талаптарға қарама-қайшы келмейтін бөлігінде ішкі тергеп-тексеруді ұйымдастыру көзделеді.

Арнайы тергеп-тексеруге жататын жазатайым оқиғалар бойынша ішік тергеп-тексерулер комиссиясының жұмысын ұйымдастыру, ҚМГ компаниялар тобы ұйымы, ресми тағайындалған арнайы тергеп-тексеру жөніндегі арнайы комиссияның төрағасының келісімін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Оқиғаларды ішкі тергеп-тексерулер, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ негізгі (жүйелік) себептерін анықтау арқылы, оқиғаға апарған және оны іске асыруға мүмкіндік тудырған ҚМГ компаниялар тобы ұйымы үшін тән себептерді ескеріп, келешекте ұқсас оқиғалардың қайталануына жол бермеуге бағытталған.

Оқиғаларды ішкі тергеп-тексерулер, қызметкерлерді де тәуекелдерді басқару процесіне, түзету іс-қимылдарын және жағдайды түзету жөніндегі

шараларды жүргізуді оқытуға, тәуекелдерді бақылау шараларын күшейтуге тартуға мүмкіндік тудырады, сондай-ақ, оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі халықаралық тәжірибелерді пайдалану мүмкіндіктерін береді.

ҚМГ компаниялар тобы өзіне, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қызметіне қатысы бар мердігерлердің/ аутсорсингтің оқиғаларын тергеп-тексерулеріне қатысу құқығын қалдырады.

## 15. Мониторинг, өлшеу және талдау (9-элемент)

Элемент мақсаты – дер кезінде түзету шараларын қабылдау, ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарына жетуді талдау үшін ақпаратты жинақтау, сондай-ақ, жаңа басым бағыттарды анықтау мақсатында, болуы мүмкін тәуекелдерді/ қауіпті факторларды/ экологиялық аспектілерді анықтау және талдау.

### 15.1. Мерзімді есептілік (п. 7.4 ISO 14001, п. 10.2 ISO 45001)

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелдермен/ қауіпті факторлармен/ экологиялық аспектілермен өлшемдес болатын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративтік ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі қағидаларына сәйкес HSE KMG арқылы ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша ақпараттың мониторингін және бағалауды жүргізеді, төмендегілерді қоса алғанда:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарын, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы ҚМГ бағдарламалары мен бастамаларының (ҚМГ өмірлік маңызды қағидалары, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер, Жұмыс орнындағы қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау және жүргізу қауіпсіздігі бағдарламалары, Персонал денсаулығы басқар жөніндегі бағдарлама) орындалуына мониторинг жүргізу;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО басқару құралдары мен әдістерінің тиімділігі;

3) алдын алу іс-қимылдары (заңнамалық және басқа талаптарға сәйкестілікті тексеру, экологиялық мониторинг; өндірістік объектілердің еңбек жағдайлары бойынша аттестатталуы, қызметкерлердің міндетті медициналық тексерулері);

4) түзетуші іс-қимылдар (оқиғаларды/ қоршаған ортаны ластауларды, кәсіби ауруларды, шағымдарды, қоршаған ортаға нормативтік эмиссияның артық болуын қадағалау);

5) мүдделі тараптардың пікірін мониторингтеу және ҚМГ-ның олардың күтулерін қанағаттандыру қабілетін қамтамасыз ету.

### 15.2. Тиімділіктің басты көрсеткіштері
(п. 9.1 ISO 14001, п. 9.1 ISO 45001)

ҚМГ-да ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы сандық және сапалық көрсеткіштерді тұрақты мониторингтеу және бағалау рәсімдеу әзірленген, енгізілген және қолдап отырылады, олар заңнамалық талаптарға және IOGP/IPECA халықаралық стандарттарына негізделеді.

ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесіне басты көрсеткіштерді өлшеу және мониторингтеу, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың басты көрсеткіштері бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі қағидаларға сәйкес жұмыс нәтижелерін бағалау үшін ақпаратты беруді қамтамасыз етеді.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарында заңнамалық талаптарды, ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ талаптарын қамтамасыз етудің мониторингі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та заңнамалық және өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да талаптардың тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары, заңнамалық талаптарға және ішкі регламенттейтін құжаттарға сәйкес төмендегілерді жүзеге асырады:

1) өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде негізгі экологиялық көрсеткіштердің мониторингін (өндірістік экологиялық мониторинг);

2) қоршаған ортаға эмиссияға (қалдықтар, төгінділер және шығарындылар) рұқсат нормативтеріне сәйкестілікті бағалауды;

3) қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін факторлардың мониторингін, заңнамалық талаптарға сәйкес ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі жүзеге асырады;

ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі, мониторингтің барлық түрлері бойынша ақпаратты төмендегі мақсаттарда пайдаланады:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуі тиімділігін жүйелі бағалау;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясатының және ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарының, ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы бағдарламалар мен бастамалардың орындалуын бақылау;

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау күйін жақсарту жөніндегі Жол картасының жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

4) ӨҚ, ЕҚ және ҚО жақсарту бойынша бағдарламалар мен бастамаларды белгілеу және енгізу;

5) ҚМГ орындауға міндеттенген заңнамалық және басқа талаптардың сақталуын бақылау;

6) түзетуші және ескерту шараларын әзірлеу;

7) мүдделі тараптарға ақпарат беру;

8) ішкі (ҚМГ-ның тұрақты даму саласындағы есебі, ҚМГ жылдық есебі) және сыртқы (IOGP және UN Global Compact берілетін есептер) мақсаттар есептері үшін, сондай-ақ, мүдделі тараптар үшін есептерді дайындау

9) ҚМГ Директорлар кеңесі, ҚЕҚҚОТД үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО бойынша мерзімдік есептілікті дайындау.

## 16. Тиімділікті растау және жақсарту шаралары (10-элемент)

Элемент мақсаты – прогресстің үдерістерін анықтау, өлшеу, сәйкестілікті бағалау және тұрақты жетілдіру үшін тиімділік көрсеткіштері мен жүйелері бақыланады.

**16.1. Комитеттер** (п. 9.1.2 ISO 14001, п. 9.1.2 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобында үш деңгейден тұратын Комитеттер жүйесі сатылап енгізіледі, оның функциясы ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ нығайту мақсатында шараларды қараудан тұрады (3-сурет):

1) 1-деңгей: ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеті (ҚЕҚҚОТД);

2) 2-деңгей: ҚМГ комитеті, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

3) 3-деңгей: ҚМГ компаниялар тобы ұйымының комитеті, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжатына сәйкес жүргізіледі.




3-сурет. Комитеттер жүйесінің құрылымы

**16.2. Аудиттер** (п. 9.2 ISO 14001, п. 9.2 ISO 45001)

ҚМГ компаниялар тобында мынадай мақсатпен тұрақты негізде ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ процестерінің ішкі аудиті жүргізіледі:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ енгізілген, нәтижелі, жұмыс күйінде ұсталып отырады және заңнамалық және басқа талаптарға, ӨҚ, ЕҚ және ҚО ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес болатынын анықтау;

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ тұрақты жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау;

3) алынған ақпаратты ҚМГ басшылығына ұсыну.

ҚМГ компаниялар тобының ӨҚ, ЕҚ және ҚО аудиттер жүйесі төмендегі түрлерден тұрады:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ аудитін сыртқы тарап жүргізеді (сәйкестілікті тәуелсіз бағалау);

2) ӨҚ, ЕҚ және ҚО процестерінің ішкі аудитін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ процестеріне аудит жүргізу жөніндегі қағидаларға сәйкес ішкі аудиторлар, Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес ҚМГ ішкі аудиті қызметі жүргізеді;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО аудитін өндірістік объектіде ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі/ ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі жүргізеді;

4) мердігер/ аутсорсинг тарапынан ӨҚ, ЕҚ және ҚО аудиті мердігер/ аутсорсинг күштерімен жүргізіледі.

Объектінің ӨҚ, ЕҚ және ҚО аудиттерін жүргізу нәтижелері бойынша ҚМГ Ішкі аудит қызметі, ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі / ӨҚ, ЕҚ және ҚО қызметі, мерзімдерді және жауапты қызметкерлерді көрсете отырып, түзету іс-қимылдары жоспарларын әзірлейді, олардың орындалуының мониторингін жүргізеді.

### 16.3. ҚМГ басшылығы тарапынан талдау

(п. 9.3 ISO 14001, п. 9.3 ISO 45001)

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдау ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ маңызды бөлігі болып табылады және ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ барабарлығын, жарамдылығын және тиімділігін бағалау үшін жүргізіледі.

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдау тұрақты орындалады.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры ҚМГ Директорлар кеңесі үшін ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ нәтижелігі туралы ақпаратты дайындауды қамтамасыз етеді, оған төмендегілер кіреді:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО Мақсаттарына жету дәрежесі туралы ақпарат;

2) ҚМГ орындауға міндетті, ұйымдық құрылымды, заңнамалық және басқа талаптардың өзгерістерін қоса алғанда, өзгерген жағдайлар туралы ақпаратты;

3) жақсарту үшін мүмкіндіктерді;

4) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ жұмыс істеуіне бөлінген ресурстарды пайдаланудың барабарлығын;

5) ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелерін және Заңнамалық талаптардың сақталуын бағалауды, мысалы, Қордың талаптарын, түзетуші және ескерту іс-қимылдарының мәртебесін;

6) мүдделі тараптардың сұратулары мен күтулерін қоса алғанда, ақпарат алмасудың, қатысудың және консультация берулердің нәтижелерін;

7) ҚМГ компаниялар тобының ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы нәтижелігін және оларды жақсарту бойынша ұсынымдарды;

8) ішкі аудиттерді талдауларды;

9) оқиғалардың / қоршаған ортаны ластаулардың, тергеп-тексеру мәртебесін, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түзетуші және алдын алу әрекеттерін;

10) ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан алдында болған талдаулар бойынша әрекеттерін.

ҚМГ Директорлар кеңесі тарапынан талдаудың шығыс деректері болып табылатындар:

1) ӨҚ, ЕҚ және ҚО МЖ және оның процестерінің тиімділігін жақсарту бойынша әрекеттер;

2) компаниялар тобының ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы жалпы нәтижелігін жақсарту;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы келісілген іс-қимылдар жоспарларын жүзеге асыру үшін қажет ресурстарды мақұлдау.

Жылына кем дегенде 1 рет «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ менеджмент жүйелері жөніндегі кеңестің ережесіне сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ менеджмент жүйелері жөніндегі кеңестің отырыстары жүргізіледі.

Менеджмент жүйелері жөніндегі кеңес төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

1) ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген құжаттаманы, соның ішінде ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы мақсаттар бойынша құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

2) тұрақты жарамдылықты, барабарлықты және нәтижелілікті қамтамасыз ету мақсатында, тұрақты негізде менеджмент жүйелерінің талдауын жүргізеді. Талдауға кіретіндері: жұмыс істеуін бағалау (қорытындыларды қарау және шығару); өзгерістерге, соның ішінде ӨҚ, ЕҚ және ҚО Саясаттары мен ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы өзгерістерге деген қажеттіліктерді жақсарту үшін тәуекелдерді бағалау және мүмкіндіктерді бағалау;

3) ӨҚ, ЕҚ және ҚО қатысты проблемалық мәселелер бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды;

4) өзінің құзыреттері шектерінде ҚМГ бағдарламалары бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) ӨҚ, ЕҚ және ҚО саласындағы қабылданған Саясаттарға сәйкес ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша ҚМГ бірыңғай саясатын жүргізеді, ӨҚ, ЕҚ және ҚО мәселелері бойынша ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

6) ҚМГ менеджмент жүйелерінің жұмыс істеуін жақсарту бойынша ұсыныстарды және ұсынымдарды қалыптастырады;

7) менеджмент жүйелерін енгізу, жұмыс істеуі және жетілдіру жөніндегі ақпаратты талдаудың негізінде ҚМГ ЕТҰ ұсынымдар береді.

## 17. Құжаттарға сілтемелер

| | | |
|---|---|---|
| 1. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 03 қарашадағы шешімі, №17/2021 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы |
| 2. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 03 қыркүйектегі шешімі, №8/2020 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының компаниялар тобында Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің көшбасшылық және шынайы берілгендік кодексі |
| 3. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі, №16/2020 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ іскерлік әдеп кодексі |
| 4. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы саясат |
| 5. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 09 қыркүйектегі шешімі, №14/2021 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Экологиялық саясаты |
| 6. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты |
| 7. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ алкоголь, есірткі заттарына, психотропты заттар мен олар тәріздес заттарға қатысты саясат |
| 8. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 28 наурыздағы шешімі, №15 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында шығарындыларды басқару жөніндегі саясат |
| 9. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы шешімі (№ | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерін басқару корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат |

| | | |
|---|---|---|
| | 17/2016 хаттама) | |
| 10. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 01.07.2023ж шешімі, №33 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау учаскелерінде және кен орындарында объектілерді жабу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру саласындағы саясат |
| 11. | 13-нұсқасы | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ сапа менеджменті жүйесі бойынша басшылық |
| 12. | KMG-ST-3524.1-13 | ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарт |
| 13. | KMG-ST-3669.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» корпоративтік стандарты |
| 14. | KMG-ST-3524.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында мердігерлік ұйымдармен еңбекті қорғау өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында өзара әрекеттесу жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 15. | KMG-ST-3679.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 16. | KMG-ST-3467.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 17. | KMG-ST-3485.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 18. | KMG-ST-4387.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы міндетті медициналық тексеруді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 19. | KMG-ST-3820.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында белгіленген қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 20. | KMG-ST-3293.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 21. | KMG-ST-3407.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке |

| | | |
|---|---|---|
| | | қорғану құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт |
| 22. | KMG-RG-4044.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы шұғыл медициналық жәрдемді ұйымдастыру жөніндегі регламент |
| 23. | KMG-RG-4386.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік санитарлық бақылаудың бірыңғай үлгі бағдарламасын жасау жөніндегі регламент |
| 24. | KMG-RG-3691.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті |
| 25. | KMG-RG-3313.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі регламент |
| 26. | KMG-RG-3537.1-57 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін «Қорғау» картасын қолдану регламенті |
| 27. | KMG-RG-2629.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізген кезде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі регламенті |
| 28. | KMG-PR-2065.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидалары |
| 29. | KMG-PR-2407.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың басты көрсеткіштері бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі қағидалар |
| 30. | KMG-PR-2312.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау қағидалары |
| 31. | KMG-PR-2456.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың өрттің алдын алу және сөндіруге дайындығын тексеруді және бағалауды жүзеге асыру қағидалары |
| 32. | KMG-PR-2235.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында хабарлау және оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібі туралы қағидалар |
| 33. | KMG-PR-1.14-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та құжаттарды басқару жөніндегі қағидалар |
| 34. | KMG-PR-2655.1-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнес-процестер модельдерін құру және жетілдіру қағидалары |
| 35. | KMG-PR-1134.5-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ББЖ процестерінің мониторингін және нәтижелігін өлшеуді жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| | | жөніндегі қағидалар |
| 36. | KMG-PR-147.9-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ процестеріне аудит жүргізу жөніндегі қағидалар |
| 37. | KMG-PR-434.11-6 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидалары |
| 38. | KMG-PL-1093.8-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ менеджмент жүйелері жөніндегі кеңес туралы ереже |
| 39. | KMG-PD-2755.2-5 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметі туралы ереже |
| 40. | KMG-PR-847.1-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет туралы ереже |
| 41. | KMG-PR-2191.3-13 | «ҚазМунайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының «ҚазМунайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсының тәртібі мен шарттары туралы қағидалар |
| 42. | KMG-PR-2198.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративтік ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі қағидалары - HSE KMG |
| 43. | KMG-PR-773.6-9 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің, ішкі аудит қызметі басшысының, корпоративтік хатшының, комплаенс қызметі басшысының, омбудсменнің/омбудсменнің – омбудсмен қызметінің басшысының қызметінің тиімділігін бағалау қағидалары |
| 44. | KMG-PR-2412.1-6 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ әкімшілік және басқарушылық қызметкерлерін аттестаттауды жүргізу қағидалары |
| 45. | KMG-PR-150.14-24 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнес-жоспарын және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бюджетін жасау, бекіту, түзету және мониторингін жүргізу қағидалары |
| 46. | KMG-PR-84.11-24 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ЕТҰ бизнес-жоспарларын және бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингі қағидалары |
| 47. | KMG-RI-195.3-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерімен кіріспе нұсқамалық жүргізу үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы |

| | | |
|---|---|---|
| 48. | KMG-F-5075.1-13/KMG-RUK-4051.2-13 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та заңнамалық және өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да талаптардың тізбесі |
| 49. | KMG-PER-3819.1-20 | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мүдделі тараптарының тізбесі |
| 50. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 10 наурыздағы шешімі, №12 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау күйін жақсарту жөніндегі 2023 - 2027 жылдарға арналған Жол картасы |
| 51. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 25 маусымдағы шешімі, №27 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғау өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы коммуникациялар мен тәуекелдер бойынша хабардарлық жоспары |
| 52. | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімі, №68 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында денсаулықты басқару жөніндегі бағдарлама |
| 53. | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шешімі, №68/22 хаттама | «Самұрық-Қазына» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы саясаты |
| 54. | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шешімі, №68/22 хаттама | «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарты |
| 55. | ҚР СТ ISO 14001-2016 | Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі басшылық (ISO 14001:2015 Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі басшылық) |
| 56. | ҚР СТ ISO 45001-2019 | Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі басшылық (ISO 45001:2018 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджмент жүйелері – Талаптар және қолдану жөніндегі ұсынымдар) |
| 57. | IPIECA/IOGP, №510 есеп, 2014ж. | Басқаруды операциялық жүйесінің құрылысы |
| 58. | IPIECA/IOGP, №511 есеп, | Басқарудың операциялық жүйесі жөніндегі |

| | | |
|---|---|---|
| | 2014ж. | тәжірибелік басшылық |
| 59. | IOGP Life-Saving Rules, №459 есеп, 2018ж. | IOGP Өмір үшін маңызды қағидалары |
| 60. | IPIECA/IOGP, №384 есеп, 2022ж. | Денсаулық үшін қатерлерді бағалау және оларды басқару |
| 61. | IOGP, №415-2 есеп, 2018ж. | Активтердің тұтастығы – ірі инциденттердің тәуекелдерін басқарудың кілті |
| 62. | IPIECA/IOGP, №517 есеп, 2016 ж. | Мұнай-газ саласында инциденттерді басқару жүйесі |

*Осы Басшылықты пайдаланған кезде, сілтеме құжаттардың ағымдық жылғы күйі бойынша әрекетін тексеру орынды. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Басшылықты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже, осы сілтемеге қатысты болмайтын бөлігінде қолданылады.

| «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ | Қазақстан Республикасының заңының атауына және бабына сілтеме | Нормативтік құжаттың тармағы немесе ішкі құжат | Орындалуын растау | Орындалуын тексерген қызметкердің Т.А.Ә. | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі** | **4-бөлім**<br>«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты.<br>Ж/о есепке алу және тергеп-тексеру<br>«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалық және білімді тексеру» бұйрығы | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерінің кіріспе нұсқамалығын тіркеу журналы.<br>Болған ж/о туралы басшылыққа ақпараттық хабарлама. | | |
| **Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі** | Барлық баптар | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша шығарындыларды басқару жөніндегі экологиялық саясат | ҚОҚ жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау мониторингі жөніндегі есеп.<br>ҚМГ тұрақты дамуы туралы есептің «Экологиялық жауапкершілік» бөлімі. | | |
| **«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексі** | **3-бөлім.** Жер қойнауын қауіпсіз пайдалану<br>**7-бөлім.** Көмірсутектерді барлау және өндіру (өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұнайдың төгілулерін жою бөлігінде дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету бөлігінде) | | | | |
| **«Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңы** | **14-бап.** Магистральдық құбырдың күзет аймағы<br>**20-бап**. Магистральдық құбырды жобалау және салу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету<br>**Статья 21.** Магистральдық құбырды пайдалану, консервациялау және жою кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету | | | | |
| **Қазақстан Республикасының Су кодексі** | Барлық баптар | Экологиялық саясат<br>«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт | ҚОҚ жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау мониторингі жөніндегі есеп.<br><br>CDP су қауіпсіздігі туралы сауалнама (Carbon Disclosure Project) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі** | **6-тарау.** Әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары<br>**13-тарау.** Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар<br>**14-тарау**. Кәсіпкерлік қызмет, сондай-ақ оңалту, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар<br>**16-тарау.** Салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар<br>**17-тарау.** Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар<br>**21-тарау.** Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар<br>**24-тарау.** Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар | | ҚОҚ жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау мониторингі жөніндегі есеп. | | |
| **Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі** | **9-тарау.** Рұқсаттар және хабарламалар<br>**10-тарау.** Техникалық реттеу<br>**13-тарау.** Мемлекеттік бақылау және қадағалау | | | | |
| **Кодекс Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі (Салық кодексі)** | **69-тарау, 2-параграф.** Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы<br>**69-тарау, 3-параграф.** Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы<br>**69-тарау, 4-параграф.** Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы | | | | |
| **«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы** | **14-тарау.** Өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету. | Өндірістік объектінің қауіптілігін бағалау | ж/о жиілігі мен ж/о ауырлығы коэффициенттері бойынша ақпарат | | |
| | | Авария және инцидент туралы дереу ақпарат, авариялар мен инциденттерді есепке алу | Компания басшылығына авариялар мен инциденттер туралы ақпараттық хабарлама | | |
| | | Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру | Біліктілікті арттыру курстары туралы (куәліктер мен сертификаттар) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **12-тарау.** Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. | 1. «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін жауапкершілік туралы» «ҚМГ» ҰК» АҚ бұйрығы 02.03.2020ж. №60<br><br>2. «ҚМГ» ҰК» АҚ әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығын бекіту туралы» «ҚМГ» ҰК» АҚ бұйрығы<br>3. «ҚМГ» ҰК» АҚ әкімшілік ғимараттарында темекі шегуге тыйым салу туралы» «ҚМГ» ҰК» АҚ бұйрығы<br>4. «Өрт-техникалық комиссиясын құру туралы» «ҚМГ» ҰК» АҚ бұйрығы | 1. ҚМГ әкімшілік ғимаратының өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау мәніне тексеру актілері.<br>2. «ММС» ЖШС, УАД, ДОТОС-пен келісу бойынша, «ҚМГ» ҰК» АҚ әкімшілік ғимараттары кешенінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі түзетуші және алдын алу іс-шаралары кіретін ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жоспарын әзірлеген және бекіткен<br><br>3. КМГ қызметкерлерін өртке қарсы мәтін бойынша ақпараттандыру жөніндегі белгілі жұмыс жүргізіледі. Осылайша, кезең сайын Outlook эл. жүйесінде «Өрт қауіпсіздігі шаралары турал нұсқамалық» презентациялық материалдары орналастырылады және КМГ барлық қызметкерлеріне танысу үшін жіберіледі. | | |
| | 16-бап. Ұйымдардың азаматтық қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері. 19-бап. Азаматтық қорғанысқа басшылық және оны басқару. 21-бап. Азаматтық қорғаныс іс-шаралары. 23-бап. Азаматтық қорғаныс объектілері мен мүлкі. 8-тарау. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі азаматтық қорғау іс-шаралары. 5-бөлім. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлармен олардың салдарларын жою | ҚМГ ТЖ жою бойынша іс-қимылдар жоспары. ҚМГ АҚ жоспары.<br><br>«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі регламент | ЕТҰ-да АҚ және ТЖ жою бойынша іс-қимылдар жоспарлары әзірленген және бекітілген. Азаматтық қорғаныс, соның ішінде ТЖ алдын алу, АҚ құрылымдарын және АҚ мүліктерін құру және дайындықта ұстау, туындайтын ТЖ және олардың зардаптарын жою іс-шаралары орындалады. | | |
| **«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі** | 2-бөлім. Қоғамдық денсаулықты сақтау, 13-тарау 84, 85, 86, 88, 89, 90-баптар. | 1. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық жәрдемді ұйымдастыру жөніндегі регламент<br><br>2. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ | Өндірістік санитария жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау мониторингі жөніндегі есеп. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт | | | |
| **Кеден одағының доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы техникалық регламенті** | ҚҚ қауіпсіздігіне техникалық талаптарды регламенттейтін баптар мен бөлімдер | «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат<br><br>«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті | Компания басшылығына жол-көлік оқиғалары (ЖКО) туралы ақпараттық хабарламалар;<br><br>ЖКО себептерін тексеру және талдау;<br><br>ЕТҰ өткізілген бейінді тексерулер бойынша анықтамалар | | |
| **ҚР ЖКК** | | | | | |
| **«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | |
| **Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | |
| **Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары; Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау қағидалары;** | | | | | |

**Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау директорының департаменті**

**_______________________**

**20___ ж. «___» ______**

**Келісілді:**

| Келісетін тұлғаның лауазымы | Визасы, күні | Аты-жөні |
|---|---|---|
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Д.Е. Абдулғафаров |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Д.А. Арысова |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | С.А. Брекешев |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Б.К. Зәкіров |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Қ.М. Құдайбергенов |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | В.С. Лавренов |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Д.С. Макеев |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Д.К. Хасанов |
| Аппарат басшы | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Е.Б. Умаров |
| Цифрлық даму департаментінің директоры | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Б.К. Қасенов |
| Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры | Келісілді 2023ж. 15.12. 13/14918-СЗ ҚЖ | Қ.Б. Сейітмағамбетов |

Орынд. Б.Қ. Әжіғалиев,
тел.: 78 93 79